



ПРЕЗИДЕНТ

ТҮРКІ САММИТІ: БІРЛІК ПЕН БЕЙБІТШІЛІК ЖОЛЫНДАҒЫ БАСҚОСУ



«Түріктің түрікке дұшпандық жасауға хақысы жоқ!». Түркі мемлекеттері ұйымының XII саммитінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Әзербайжанның әйгілі ақыны Бахтияр Вахабзадеден жеткен осынау ұранды қайта еске салды. Қазақстан Президенті бұл ұранды бүгінгі түркілер жадынан шығармай, түбі бір туыс, бірлігі бекем бауыр екенін бүкіл әлемге паш етіп келе жатқанын атап өтті. Әзербайжанның Габала қаласында өткен саммитте Мемлекет басшысы нақты 10 ұсыныс айтты.

Жаһандағы түркі жұртының басын қосатын, «түркінің Күлтөбесіне» айналған Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдер басшыларының XII саммиті 7 қазанда «Өңірлік қауіпсіздік және бейбітшілік» деген тақырыппен өткен болатын. Габалаға Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Түркия Президенті Режеп Тайып Ердоған, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Мажарстан Премьер-министрі Виктор Орбан, Түрікменстан Халқ Маслахаатының төрағасы Гурбангулы Бердімұхамедов, Түркі мемлекеттері ұйымының бас хатшысы Кубанычбек Өмір-

әлиев ат басын тіресе, мәртебелі меймандарды Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев күтіп алды.

Саммитте сөз сөйлеген Қазақстан Президенті ең алдымен ерекше қонақжайлық көрсеткені үшін Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевке ризашылығын білдіріп, жиынның мән-маңызы айрықша, күн тәртібі өзекті екенін айтты.

— Түбі бір түркі жұртының тарихы — тамырлас, халықтарымызға ортақ сан ғасырлық шежіреміз бар деп үнемі айтып жатырмыз. Мұның бәрі — берекелі бірлігіміз бен мәңгілік ынтымағымыздың алтын арқауы. Жақында елдеріміз «Түркі халық-

тарының ынтымақтастық күнін» атап өтті. Бұл — бірлігімізді бекемдей түсетін маңызды мереке. Бүгінде Түркі мемлекеттері ұйымы достас халықтардың басын қосқан мәртебелі әрі беделді құрылымға айналды. Былтырдан бері Ұйымға құрметті Президент Садыр Жапаров бастаған қырғыз елі тиімді төрағалық етті. Қырғыз тарапына ризашылығымызды білдіреміз. Енді төрағалық құрметті Ильхам Гейдар оглудың басшылығымен Әзербайжан тарапына беріледі. Алдағы уақытта да Ұйымымыздың абырой-беделі арта түседі деп сенеміз, — деді Президент.

(Жалғасы 2-бетте)

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев макроэкономикалық тұрақтылық мәселелеріне арналған жиын өткізді. Кеңесте экономикалық даму сапасын арттыру және баға тұрақтылығын қамтамасыз ету жайы талқыланды.

ХАЛЫҚ ТАБЫСЫН ЖАҚСARTY ЖАЙЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Жиынға Премьер-министр, Президент Әкімшілігінің басшылығы, Ұлттық банктің төрағасы, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің, Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің жетекшілері мен Үкімет мүшелері қатысты.

Кеңес барысында макроэкономикалық орнықтылықты ны-

ғайту, азаматтардың әл-ауқатын көтеру және инфляция деңгейін төмендету шаралары қаралды.

Президент халықтың табысын жақсартуда саннан сапаға көшудің маңызды екенін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев экономиканы орнықты дамыту үшін барлық жауапты мемлекеттік органдардың жүйелі жұмыс істеуі керек екенін айтты.

ПРЕЗИДЕНТ «ОРТАЛЫҚ АЗИЯ – РЕСЕЙ» САММИТІНЕ ҚАТЫСАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 9-10 қазан күндері Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонның шақыруымен «Орталық Азия – Ресей» саммитіне және ТМД мемлекеттері басшылары кеңесінің отырысына қатысу үшін Душанбеге сапармен барады.



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТ КІРІСІ КӨБЕЙДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қаржы министрі Мәди Төкиевті қабылдады. Президентке республикалық бюджеттің орындалуы және мемлекет қаржысын цифрландыруды ілгерілету жұмыстары жөнінде баяндалды.

Ведомство басшысы биыл республикалық бюджетке 21,6 триллион тенге көлемінде кіріс түскенін айтты. Оның 15,2 триллион теңгесін салық түсімдері құрайды. Бұл — өткен жылмен салыстырғанда 23,4 пайыз жоғары. Тоғыз ай-

дың қорытындысы бойынша, бюджет 101,6 пайыз орындалып, оның әлеуметтік бағыты сақталып отыр. Сондай-ақ салықтық және кедендік әкімшілендірудің тиімділігін арттыру шаралары, Арнаулы мемлекеттік қордың түсімдері туралы мәлімет берді.

Бұған қоса, «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңын іске асыруға баса назар аударылғанын жеткізді. Жана құжат рәсімдердің мерзімін қысқартуды, олардың ашықтығын қамтамасыз етуді және отандық тауар өндірушілерді қолдауды көздейді. Қазір қазынашылықтың ақпараттық жүйесіндегі талдау және бақылау үдерістері толық автоматтандырылды. Мемлекет қаржысын цифрландыру аясында Big Data

қалыптастыруға және толықтыруға, сондай-ақ салық пен кеден салаларына жасанды интеллектті енгізуге ерекше мән беріледі.

Сонымен қатар мемлекеттік аудиттің нәтижелері таныстырылды. Биылғы 8 айда 791 тексеру жүргізіліп, сомасы 337,5 миллиард теңге болатын қаржының заңсыз жұмсалғаны анықталды.

Президент мемлекеттік қаржының орнықтылығын қамтамасыз ету бойынша жүйелі жұмысты жалғастыру мен барлық әлеуметтік міндеттемені орындау керек екеніне тоқталды. Сондай-ақ цифрландыруды одан әрі дамыту және заманауи бақылау тетіктерін енгізудің маңызын атап өтті.

ҚАРЖЫ БАР, ҚҰЛЫҚ ЖОҚ

Қазақстанда сүт өндіру саласы мен сүт өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігі өзекті мәселенің біріне айналды. Шетелден келетін арзан әрі мол өнім отандық өндірушілерді тығырыққа тіреуде. Салада қандай кем-кетік бар, кәсіпорындар қандай кедергіге тап болып жатыр?

QazaqSut республикалық сүтті және аралас тұқымды ірі қара мал палатасының дерегінше, 2024 жылы Қазақстанда сүт өнімдерін өндіру көлемі 2,23 млн тонна, ал ішкі тұтыну 2,73 млн тонна болған. Бұл сандарға сәйкес, өндіріс сұраныстың шамамен 82-83%-ын қамтамасыз етіп, импорт 25%-ды құраған. Бір қарағанда ішкі нарықты отандық өніммен қамтамасыз ету көлемі жаман емес сияқты. Алайда шындық басқа. Себебі Қазақстан 2023 жылы сүт және сүт өнімдерін сырттан сатып алу үшін ресми мәліметтерге сәйкес, 406 миллион доллар жұмсап, 2024 жылы бұл көрсеткіш 410 миллион долларға дейін өсті. Импорт көлемі де артып, былтыр елге шамамен 183 мың тонна сүт және сүт өнімдері жеткізілген. Әсіресе, құрғақ сүттің 80%-ы импортқа тәуелді болса, қою-



ландырылған сүт импорты — 68%, ірімшік пен сүзбенің импорттық үлесі 47,6%-ды құрайды.

(Жалғасы 4-бетте)

ЖЕРДІҢ ЖЫРЫ: ТҮЙІНДІ КІМ ТАРҚАТАДЫ?

Президент жер ресурстарын ұтымды пайдалану мәселесін әр Жолдау сайын көтеріп келеді. Осы арқылы игерілмеген жерлерді қайтару ісіне серпін беруге кезекті талпыныс жасалды. Депутаттар да бұл істегі қарқынның тым баяу екенін жасырмайды. 2022 жылдан бері тек әкімдіктердің жалпы ауданы 778,2 мың гектарды құрайтын 1 335 заңсыз шешімнің күші жойылыпты. Ал әлдекімдер айналымнан алып қойып, астына басқан, бос жатқан жерлердің ауданы миллиондаған гектармен есептеледі.

Мемлекет басшысы жаңадан «соңғы меже-мерзімді» белгіледі: әкімдер қайтарылған жердің бәрін келесі 2026 жылдың ортасына дейін тұрақты айналымға енгізуге міндеттелді. Бұл шара арқылы жайылым тапшылығы мәселесі де шешілуге тиіс. Қ.Тоқаев жер қатынастарына қатысты заңсыздықты, бюрократия мен қағазбастылықты жоюды жүктеді. Сол үшін ауыл шаруашылығы жерлерін беру тәсілдерін түбегейлі өзгерту қажетін нықтады. Осыған орай жерді бөлуге қатысты шешім цифрлық форматта, электронды конкурстар арқылы қабылдануға тиіс. Үкімет жыл соңына дейін заңнамаға тиісті өзгертулер ұсынады.



(Жалғасы 4-бетте)

АҚОРДА

9 ҚАЗАН 2025 | БЕЙСЕНБІ

ТҮРКІ САММИТІ: БІРЛІК ПЕН БЕЙБЫТШІЛІК ЖОЛЫНДАҒЫ БАСҚОСУ

(Басы 1-бетте)

ЖАҒАНДЫҚ КАУІПСІЗДІК ЖҮЙЕСІ СЫНАЛЫП ЖАТЫР

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде қазіргі кезде жаһандағы қауіпсіздік жүйесіне әсер ететін факторлар көбейгеніне тоқталды. Оның пайымдауынша, жаһандық қауіпсіздік жүйесі күрделі кезеңді бастан өткеріп жатыр әрі қақтығыстар мен шиеленістер, геосаяси тектірестер әлемнің кез келген мемлекетіне әсер ететін қауіпті үрдіске айналған.

— Осындай алмағайып заманда 30 жылдан астам уақыт шешімін таппаған шиеленіске қатысты Әзербайжан мен Арменияның Бейбітшілік декларациясына қол қойғанын ерекше атап өткім келеді. Бұл тұрақтылық пен экономикалық өрлеуге жол ашатын тарихи мәміле болды. Қазір әлемдегі геосаяси ахуал аса күрделі, сондықтан түркі елдері ортақ мүдде жолында күш жұмылдыруға тиіс. Бүгінде жаһан жұрты бізді зор сын-қатерлерге төтеп бере алатын, бөделі мықты, ынтымағы жарасқан мемлекеттер ретінде таниды. Бірқатар ел біздің Ұйымға ерекше қызығушылық танытуда. Бұл ретте Қазақстан ынтымақтастық аясын кеңейтуге бағытталған «Түркі мемлекеттері ұйымы+» форматын құру идеясын қолдайды. Осы бастама біздің Ұйымның халықаралық беделін арттыруға қол ашатыны сөзсіз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, Түркі мемлекеттері аумағында тұрақтылықты, қауіпсіздік пен бейбітшілікті нығайту ісінде Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің рөлі мен әлеуеті ерекше.

— Кенесті толыққанды халықаралық ұйымға айналдыру үдерісіне қолдау көрсеткен Әзербайжан тарапына, сондай-ақ барша түркі мемлекеттеріне шынайы ризашылығымды білдіремін. Түркі елдерінің қауіпсіздікті нығайту және сын-қатерлерге, соның ішінде терроризмге қарсы тұру жолындағы мақсат-мүддесі — ортақ, сондықтан осы бағыттағы ықпалдастығымыз табысты жүзеге асуда. Бәріміз жаһандық қауіпсіздікті сақтау жолындағы бастамаларды қолдап келеміз. Бірақ біз мұнымен шектеліп қалмауымыз керек, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев көптеген елдердің шекараға бағынбайтын жаңа қатермен бетпе-бет келіп отырғанын алға тартып, Ұйым аясында Киберқауіпсіздік кеңесін құруды ұсынды.

— Бұл Кеңес мемлекеттеріміздің іс-қимылын үйлестіріп, күш жұмылдыруға жағдай жасайды. Сонымен қатар цифрлық қауіпсіздік пен технологиялық байланысты бекемдей түседі. Биыл қыркүйекте осы тақырып бойынша Алматыда өткен конференция нәтижелері киберқауіпсіздік саласындағы ықпалдастықты күшейту аса маңызды екенін тағы да растады, — деді Президент.

ДАМУДЫҢ ІРГЕТАСЫ ҢНТЫМАҚТА

Саммит қауіпсіздік пен бейбітшілік тақырыбына арналғанымен, қатысушылар түркі әлемінің болашағы, даму бағыты, жаңа трендтер тақырыбына да назар аударды. Қазақстан Президенті экономикалық экономикалық ынтымақтастықты тұрақтылық пен өсіп-өркендеудің түп негізі ретінде атады.

— Біз 2040 жылға дейінгі Түркі әлемінің даму бағдарын толық іске асыруға баса мән беруіміз қажет. Бүгінгі саммит осы жоспарды нақты шаралармен толықтыруға тиіс. Ұйымға қатысушы әр мемлекеттің өзіне тән артықшылығы және жетістігі бар. Соған қарамастан Ұйым аясында сауда-экономика саласындағы ірі жобаларды жүзеге асыру үшін нақты тетіктер ұсынылған. Соның бірі — Түркі инвестициялық қоры. Осы қаржы ұйымының мүмкіндіктерін барынша пайдалануымыз керек. Биыл Түркістанда елдеріміздің экономика және сауда министрлері бас қосады. Сол кезде Қор қаржыландыратын жобалар тізімін жасаған жөн болар еді. Өнеркәсіп саласындағы ықпалдастық елдеріміздің экономикасын әртараптандыру ісінде маңызды рөл атқарады. Осы орайда Түркі сауда-өнеркәсіп палатасының әлеуеті зор деп есептейміз. Келесі жылы осы палатаға Қазақстан төраға болады. Бұл бағытта біз нақты жобаларға басымдық беретін Өнеркәсіптік кооперация бағдарламасын қабылдауды ұсынатын боламыз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.



Президент көлік-логистика саласындағы әріптестікті жаңа деңгейге көтеруді басты міндеттің бірі санайды.

— Елдеріміз Шығыс пен Батысты, Оңтүстік пен Солтүстікті жалғайтын тоғыз жолдың торабы — Еуразия төрінде орналасқан. Қазір Қазақстан аумағы арқылы 5 халықаралық теміржол дәлізі өтеді. Азия мен Еуропа арасында тасымалданатын жүктің 85 пайызға жуығы Қазақстан арқылы жөнелтіледі. Жақында біз «Достық — Мойынты» теміржолының екінші желісін іске қостық. Бұл қадам ТрансҚазақстан теміржол дәлізін қарқынды дамытуға ықпал етеді. Жаңа жол жүк тасымалының көлемін 5 есе арттыруға мүмкіндік береді. Бұдан басқа тағы да екі маңызды теміржол салынып жатыр. Осы жобалар аймақтық логистиканы әртараптандыру ісіне тың серпін беретіні анық. Транскаспий халықаралық көлік бағдары Еуразиядағы жол торабының стратегиялық бөлігіне айналды. Соңғы 5 жылда Орта дәліз арқылы тасымалданатын жүк көлемі 6 есе өсті. Жақында Ұйымға мүше мемлекеттердің көлік министрлері Алматыда бас қосты. Тараптар кездесуде осы жол бағдарына қатысты бірқатар келісімге қол жеткізді. Бұл ретте біз түркі мемлекеттерін Орта дәліз бойындағы әуе хабтары, теміржол бекеттері және теңіз порттары инфрақұрылымын жаңғыртуға белсене атсалысуға шақырамыз. Қазір көлік-транзит саласын цифрландыруға қатысты жұмыс қарқынды жүріп жатыр. Осы орайда Жасанды интеллект технологиясын пайдалану тиімді болатыны сөзсіз. Сондықтан беделді сарапшыларды тарта отырып, Ұйым аясында арнайы Цифрлық мониторинг орталығын құру мәселесін талқылауды ұсынамыз, — деді Мемлекет басшысы.

Президент Қазақстан цифрландыру ісіне, соның ішінде жасанды интеллект саласын дамытуға ерекше мән беретінін мәлімдеп, толық цифрлық ел болуды стратегиялық мақсат ретінде айқындағанын жеткізді.

— Жасанды интеллектіні жаппай дамыту үшін білікті мамандар даярлауды қолға алдық. Бағдарлама аясында жыл басынан бері 400 мыңнан астам студент арнайы білім алды. Сондай-ақ жасанды интеллект мамандарын оқытатын тұңғыш зерттеу университетін ашуды жоспарлап отырмыз. Қазақстан осы оқу ордасында білім алуға ниет білдірген түркі елдерінің жастарына арнайы гранттар бөлуге дайын, — деді Мемлекет басшысы.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев аталған салалар бойынша Ұйым аясында жүзеге асыруға болатын бірқатар бастамаға тоқталып өтті.

— Жуырда Астанада Alem.AI жасанды интеллект орталығы ашылды. Соның негізінде Түркі мемлекеттері ұйымының Цифрлық инновациялар орталығын құруды ұсынамыз. Бұл Орталық стартаптарды қолдап, бірлескен жобаларды дамытуға жол ашады. Жасанды интеллект саласында тәжірибе алмасуға және венчурлік капитал тартуға мүмкіндік береді. Біз цифрландыру және жасанды интеллектінің әлеуетін халықтарымыздың игілігі үшін ұтымды пайдалануымыз қажет. Сонымен қатар жаңа технологиялардан туындайтын тәуекелдер мен сын-қатерлердің алдын алуымыз керек. Сондықтан келесі жылы Қазақстанда өтетін Ұйымның бейресми

саммитін «Жасанды интеллект және цифрлық даму» тақырыбына арнауды ұсынамын. Осы жиының қарсаңында білікті сарапшылардың басын қосып, халықаралық конференция ұйымдастыруға дайынбыз, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі жағдайда энергетика мәселесіне де баса мән беру керек екенін айтты.

— Бұл — экономикамыздың тірегі, стратегиялық әріптестігіміздің негізі. Бүгінде біз ортақ инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асырудамыз. Энергия тасымалдаудың қауіпсіз әрі ыңғайлы жолдарын қарастырып жатырмыз. Қазақстан, Әзербайжан және Өзбекстан арасындағы жасыл энергия дәлізі — осы саладағы жемісті ынтымақтастық үлгісі. Сонымен бірге жанартылатын энергия көздеріне, ең алдымен, күн энергиясына айрықша назар аудару қажет деген ойдамыз. Осыған орай, Түркі мемлекеттері ұйымы аясында Энергия тиімділігі жөніндегі озық тәжірибе кеңесін құруды ұсынамыз. Дегенмен мұнай мен газды, уранды, көмірді, сирек кездесетін минералдарды игеру және оларды тиімді пайдалану Қазақстанның энергетикалық стратегиясының негізі болып қала береді, — деді Президент.

КАСПИЙ ТАҒДЫРЫ АЛАНДАТҚАНЫ

Қазақта «ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» дейтін тәмсіл бар. Табиғатты ата жауындай көрген кезеңдердің зардабын аз тартпаған халықпыз. Оған суалған Аралдың тағдыры куә. Президент мұны жақсы біледі. Содан да болар, қоршаған ортаны қорғау, өзен-көлдерді сақтау мәселесін назардан тыс қалдырған емес. Әсіресе, Каспийдің жағдайына алаңдайтыны байқалып тұрады. Қасым-Жомарт Тоқаев 40 күнге жетпейтін мерзім ішінде, 1 қыркүйектен 7 қазанға дейін Каспийдің ахуалы жайлы үш ірі халықаралық жиында айтты. Алдымен, 1 қыркүйекте Қытайдың Тяньцзинь қаласында өткен «ШЫҰ+» саммитінде, одан соң 24 қыркүйек күні АҚШ-тың Нью-Йорк қаласында БҰҰ Бас Ассамблеясының 80-ші сессиясында Жалпы дебатта Каспий мәселесіне халықаралық қауымдастықтың назарын аударса, 7 қазанда ежелгі Хазар теңізінің жағдайын жақсарту қажет екенін түркі әлемінің көшбасшыларына тағы қайталады. Теңіздің жағасында ТМҰ-ға мүше екі, байқаушы бір ел — Қазақстан, Әзербайжан және Түркіменстан орналасқан. Әрі теңіз «Орта дәліз» жобасында шешуші рөл атқарады. Одан бөлек, Каспийдің жағдайының нашарлауы қоршаған ортаға кері әсер етеді. Су тапшылығы пайда болып, теңіз тартылса, экономиканың өзге салаларының да дамуы қиын. Тапқан-таянғанымыз экологиялық мәселелерді шешуге жұмсалып, қалтанын қалыңдауы қиындауы мүмкін. Біз Қазақстан Президентінің сөздерінен осы жайтты ұқтық.

Мемлекет басшысының пікірінше, қазір әлемде аса күрделі мәселеге айналған су тапшылығы таяу арада Орта Азиядағы ең өзекті сын-қатер болуы мүмкін.

— Өзен-сулардың ортақ игілік екенін ескере отырып, оны тиімді пайдалану үшін жаңа тәсілдер керек деп санаймыз. Суару жүйесіне цифрлық бақылау орнату, тамшылатып суару әдістерін кенінен қолдану, су қоймаларының тиімділігін

арттыру жөнінде бірлескен бағдарлама қабылдауға болады. Қазір Каспий теңізі тартылып бара жатқанын білесіздер. Бұған бәріміз алаңдап отырмыз. Қарт Каспийдің түркі жұрты үшін орны қашанда бөлек. Оны халықтарымыздың арасындағы дәнекер деуге болады. Соңғы жылдары теңіз деңгейінің төмендеуі аймақтың экологиясы мен экономикасына кері әсерін тигізіп отыр. Бұл — жаһандық ауқымдағы мәселе. Мен мұны Шанхай ынтымақтастық ұйымының саммитінде және Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының мерекелік сессиясында айттым. Біз тамырлас және шекаралас елдер ретінде Каспий теңізінің ахуалын жақсартуға баса мән беруіміз керек. Мен түркі мемлекеттерін осы бағытта күш біріктіріп, бірлесе жобалар әзірлеуге, халықаралық бастамаларды қолдауға шақырамын. Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының қолдауымен келесі жылы сәуірде Өңірлік саммит өткізуді жоспарлап отыр. Тақырып: «Тұрақты болашақ жолындағы ортақ көзқарас». Біз түркі елдері осы саммиттің жұмысына жоғары деңгейде белсене қатысады деп үміттенеміз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

БІРЛІК — АҚЫЛҒА БІРЛІК

Ғасырдан астам уақыт бұрын, 1883 жылы Қырымда, Бақшасарайда «Тәржіман» деген газеттің алғашқы саны жарық көрген. Редакторы күллі түркінің береке-бірлігін ансап өткен Исмаил Гаспыралы еді. Оның «Тілде, пікірде, істе-бірлік» дейтін ұраны бар. Ал Абай Құнанбайұлы алтыншы қара сөзінде «Бірлік қандай елде болады, қайтсе тату болады — білмейді. Қазақ ойлайды: бірлік — ат ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса екен дейді. Олай болғанда байлықтан не пайда, кедейліктен не залал? Ағайын құрымай мал іздеп не керек? Жок, бірлік — ақылға бірлік, малға бірлік емес. Малынды беріп отырсаң, атасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жалданып бірлік қылады!» дейді. Бұл да ғасырдан астам уақыт бұрын айтылған пікір. Алайда жаңа мыңжылдықта да мәнін жойған жоқ. Түркі интеллигенциясында да осы «ақылға бірлік» өзекті болып тұр. Мұны Қ.Тоқаев та айтты. Ол Ұйымға мүше елдер арасында сауда-экономикалық және саяси ықпалдастықпен қатар, мәдени-гуманитарлық байланыс та нығайып келе жатқанын тілге тиек етті.

— Биыл Ақтау қаласы Түркі әлемінің мәдени астанасы болып жарияланды. Соның аясында бірқатар іс-шара ұйымдастырылды. Каспий жағалауында түркі мәдениетінің фестивалі өтті. Осы маңызды іс-шараға 100 мыңнан астам көрермен қатысты. Бұған қоса, биыл Алматы қаласы Түркі әлемі жастарының астанасы атанды. Біз өскелең ұрпақты бауырлестық рухында тәрбиелеп, жастарымыздың мәдени ықпалдастығын нығайтуды қолға алуымыз қажет. Осыған орай келесі жылы Алматыда Креативті экономика форумын өткізуді ұсынамыз. Мұндай қадам жастарымызды жақындастыруға, олардың білімін және білігін арттыруға мүмкіндік береді. Қазақта «Өнерлі өрге жүзеді» деген сөз бар. Шын мәнінде, өнер, білім, ғылым құндылықтары өркениетіміздің өрісін кеңейтуге ықпал етеді. Қазақстанда елдеріміздің зиялы қауым өкілдерінің басын қосып, арнайы

іс-шара өткізген орынды болар еді. Бұл іс-шараны Ұйымымыздың Ақсақалдар кеңесінің аясында өткізуге болады. Оның үстіне, Түркі әлемін зерттеушілер клубын құруды ұсынамыз. Оны Түркі Академиясының негізінде қалыптастыруға болады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент сөз соңында түркі халықтарының тұтастығы мен ынтымағын нығайта түсуге шақырды.

— Әзербайжанның әйгілі ақыны әрі осы тарихи жердің тумасы Бахтияр Вахабзадедің «Түріктің түрікке дұшпандық жасауға хақысы жоқ!» деген өсиеті бар. Біз аға буынның ұлағатты сөздерін жадымызда сақтап, түркілердің түбі бір туыс, бірлігі бекем бауыр екенін бүкіл әлемге паш етіп келеміз, — деді ол.

ҰТЫМДЫ ПІКІРЛЕР ЖАҢА ИДЕЯЛАРҒА ҰЛАСТЫ

Жалпы, Габала саммитінде ТМҰ-ға мүше және бақылаушы елдер басшылары өзекті ұсыныстар айтты. Экономикалық, гуманитарлық ынтымақтастықты тереңдетуден бастап, жаһандық сын-қатерлерге қарсы тұрудың түрлі амалдарын жетілдіру турасында пікірлер ортаға салынды. Айталық, Әзербайжан Президенті Илхам Әлиев 2026 жылы ТМҰ-ға мүше елдердің Қарулы күштерінің біріккен жаттығуын өткізуді ұсынды. Сонымен қатар 1926 жылы Бакуде өткен түркологтардың алғашқы құрылтайының 100 жылдық мерейтойын ұйым деңгейінде бірлесе тойлау қажет деп санайтынын айтты.

Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров өз елінің ТМҰ-ға төрағалық еткен жылында атқарылған жұмыстарды атап өтті. Оның айтуына қарағанда, ұйымға ресми Бішкек жетекшілік еткен жылда 124 іс-шара ұйымдастырылыпты.

Түркия Президенті Режеп Тайып Ердоған өз сөзінде қазір жаһанда бірқатар ұйымдардың жұмысы шатқаяқтанғанын, ал ТМҰ керісінше нығая түскенін атап өтті. Сонымен бірге «ТМҰ+» форматының маңызды екенін тілге тиек етті. Сондай-ақ 30 қазанда Самарқандта өтетін ЮНЕСКО-ның 43-ші конференциясында 16 желтоқсанда — Дүниежүзілік түркі тілдері күні ретінде жариялау жөнінде ұсыныс беру бастамасын көтерді.

Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев өзара ынтымақтастықты нығайту, ТМҰ жұмысын жетілдіру жөнінде пікірлерін білдіріп, ұйымға мүше елдердің Сыртқы істер министрлері мен барлау ұйымдары басшыларының жоғары деңгейдегі кездесулерін жыл сайын өткізіп тұру туралы ұсыныс айтты. Алғашқы басқосуды Самарқандта өткізуге ниетті екенін атап өтті. Өзбекстан басшысы ТМҰ елдерінің әсіреұлтшылдық пен радикализмнің таралуына тосқауыл қоюға бағытталған іс-шаралар жоспарын жасауы қажет екенін тілге тиек етті.

Түрікменстан Халқ Маслахатының төрағасы Гурбангулы Бердімұхамедов ТМҰ халықаралық сахнада бейбітшілікті сақтауға үлес қосатынын, Түркменстан да осы ұйым аясындағы байланыстарды қолдайтынын атап өтті. Ол ұйым мүшелері мен байқаушы елдер арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыстар нығая беруі қажет деп санайды екен. Тіпті, ат баптауға қатысты жеке іс-шара ұйымдастыру ниетін де білдірді.

Мажарстан Премьер-министрі Виктор Орбан Копенгагендегі ЕО саммитінен ТМҰ басқосуына келудің өзі ерекше екенін атап өтті. Еуропада соғыс мәселесі талқыланса, түркі мемлекеттері саммитінде бейбітшілік рухы есетінін айтты. Әрі қазір Еуропа елдері түркі мемлекеттерімен ынтымақтастықты күшейткені жөн екенін атап өтті. Мажарстан премьері, тіпті түркі мемлекеттерін Еуропа үшін «алтын резерві» рөлін атқаратынын айтты. Яғни, түрлі ресурстардың қайнары екеніне тоқталды. Ол «Біз, ЕО тарифтерге байланысты АҚШ-пен «қол күресіне» кірдік. Африка елдерімен де, Қытаймен де қарым-қатынаста біраз шиеленіс бар. Сондықтан ЕО ең сенімді стратегиялық серіктес ретінде ТМҰ-ны таңдауы керек. Мажарстан мұны біледі. Әрі байланыстарымызды күшейте береміз», — деді. Сонымен қатар қазақ мұнайының алғаш рет Мажарстанға жеткізілуіне орай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс білдірді.

Жиында Түркі мемлекеттері ұйымының бас хатшысы Кубанычбек Өмірәлиев және байқаушы тараптардың басшылары да сөз сөйледі.

Ардақ СҰЛТАН

ҚҰРЫЛЫС КОДЕКСІ БІРІНШІ ОҚЫЛЫМДА ҚОЛДАУ ТАПТЫ

Мәжіліс спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен жалпы отырыста депутаттар Құрылыс кодексiнiң жобасы мен «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» кодекске көмірсутек және уран секторында жер қойнауын пайдалануды жетілдіру мәселелері бойынша енгізілетін заңнамалық түзетулерді бірінші оқылымда мақұлдады. Зияткерлік меншік туралы заң екінші оқылымда қабылданды.

Мәжіліс Құрылыс кодексi жобасы мен сәулет, қала құрылысы және құрылыс мәселелері бойынша ілеспе түзетулерді бірінші оқылымда мақұлдады. Құжатты Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев таныстырды.

Құрылыс кодексіндегі негізгі жаңалықтардың бірі — бас жоспарлардан бастап егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларына дейінгі барлық жоспарлау құжаттарына міндетті кешенді қала құрылысы сараптамасын енгізу. Енді барлық қала құрылысы жобасының орындалуы Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы бақыланатын болады.

— Бұл сәулет, қала құрылысы, санитарлық-экологиялық нормалардан ауытқуларды ерте кезеңде жоюға, ғимараттардың тығыздығы, қабат саны, абаттандыру, санитарлық-қорғау аймақтары және басқа да параметрлердегі қателіктердің алдын алуға мүмкіндік береді. Аталған шара сыбайлас жемқорлық қаупін жоюға және стандартты қала құрылысы құжаттарының ашықтығы мен дәйектілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, — деді Е.Нағаспаев.

Мемлекет құрылыс саласын да қалағалауды күшейтеді. Қадағалаудың жаңа түрі — бұзушылықтар анықталған жағдайда құрылыс-монтаж жұмыстарын тоқтата тұруға мүмкіндік беретін жедел әрекет ету шарасы енгізіледі. Тиісті қадағалау органдарының қатысуымен құрылыстың барлық кезеңінде жоспарлы тексеру жүргізіледі. Тұрғын үйді қабылдауға және нысанның пайдалануға дайындығы туралы қорытынды беруге Мемлекеттік сәулет-құрылыс қадағалау органы мен Төтенше жағдайлар министрлігі өкілдерінің қатысуы міндеттеледі.

Құжатта жеке блок цифрландыруға арналған. Жыл соңына дейін жоспарлаудан бастап іске қосуға дейінгі барлық үдерісті толық цифрландыруды қамтамасыз ететін Бірінғай ақпараттық жүйе әзірлеу жоспарланып отыр. Соның нәтижесінде, барлық қатысушыға «бір терезе» қарағаты бойынша бір портал арқылы жұмыс істеуге мүмкіндік жасалады.

Жұмыс тобының жетекшісі Мұрат Әбенов өзінің қосымша баяндамасында жобада архитектуралық, қала құрылысы және құрылыс қызметі жөніндегі шешімдерді талқылауға қоғамның қатысуын кеңейтуге ерекше мән берілгенін атап өтті. Бас жоспарлар, елді мекендерді жоспарлаудың егжей-тегжейлі жоспары және оларға енгізілген түзетулер міндетті түрде мәслихат депутаттарының, азаматтардың және қоғамдық ұйымдардың талқысына ұсынылуға тиіс. Мүмкіндігі шектеулі жандар үшін ғимараттар мен инфрақұрылымның қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы кедергісіз орта құру стандарттары да қамтылған.

Бұдан бөлек, кодекске сейсмикалық қауіпсіздікке арналған жаңа тарау енгізіледі. Алайда талқылау барысында заң жобасы бойынша жұмыс тобының мүшесі Бақытжан Базарбек бұл нормалар құжаттың Үкімет ұсынған нұсқасында жеткілікті деңгейде пысықталмағанын атап өтті. Депутат жұмыс тобы оның сейсмикалық қауіпсіздікті күшейту жөніндегі ұсыныстарын қолдағанын, бірақ екі негізгі мәселе шешімін таппай отырғанын еске салды. Бұл тектоникалық бұзылыстарда, сондай-ақ тау бөктерінде және сел мен көшкін қаупі бар аймақтарда көпқабатты үй тұрғызуға қатысты тыйым салуға қатысты ұсыныстар.

Сұрақтарға жауап беру барысында Ерсайын Нағаспаев Мәжіліс депутаттарының ұсыныстары ескеріле отырып, кодекске жаңа тетіктер енгізіліп жатқанын атап өтті. Оның ішінде сейсмикалық оқшаулау жүйелерін пайдалану, нысанның барлық қызмет ету циклының кезеңінде сейсмикалық қауіпті бағалау, і денгейдегі нысандарда сейсмометриялық стансалар орнату, нысандарды міндетті түрде сертификаттау тетіктері бар.

Депутат Руслан Қожасбаев баяндамашыдан жедел әрекет ету шарасын жүзеге асыру негіздері туралы сұрады. Ол сондай-ақ, қандай органдарға тиісті өкілеттіктер берілетінін пысықтады, жаңа нормалар сыбайлас жемқорлық қатеріне, мемлекеттік органдардың кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласуына жол бермеуі керектігі туралы сауалдар қойды.



Ерсайын Нағаспаев бұл өкілеттіктер Мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясына берілетінін айтты. Инспекторлар арыз-шағымдар бойынша немесе жоспардан тыс тексерулер кезінде нысандарды аралап, бұзушылықтарды анықтай алады, қажет болған жағдайда құрылысты уақытша тоқтата алады немесе елеулі бұзушылықтар анықталған жағдайда рұқсаттарды қайтарып алады. Инспекцияның барлық әрекеті ақпараттық жүйеде тіркелетін болады.

Сондай-ақ депутаттар құрылыс индустриясын толық цифрландыру, қала құрылысы мен елді мекендерді дамыту, тұрғын үй бағасының өсуін тежеу, жылжымайтын мүлікке берілетін ең төменгі кепілдік мерзімін 10 жылға дейін ұлғайту, жылжымайтын мүлік нысандарын салу және реконструкциялау кезінде мемлекеттік сараптама жүргізу тәртібіне қатысты салалық министрліктер өкілдеріне сұрақтар қойды.

Мәжілісте сарапшылар мен қоғам өкілдерінің қатысуымен Құрылыс кодексiнiң жобасын екінші оқылымға дайындау жұмыстары одан әрі жалғасады.

Мәжіліс «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» кодекске көмірсутек және уран секторында жер қойнауын пайдалануды жетілдіру мәселелері бойынша енгізілетін заңнамалық түзетулерді бірінші оқылымда мақұлдады. Депутаттар бастамашы болған заң жобасы көмірсутекті барлау мен өндіруге инвестиция тартуға, сондай-ақ уран өнеркәсібінде мемлекет мүддесін қорғауға бағытталған.

Заң жобасын депутаттарға таныстырған Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің төрағасы Еділ Жаңбыршин түзетулерде «аз зерттелген аумақ» ұғымын енгізу ұсынылғанын айтты. Бұл — өңірлік геологиялық зерттеулер жүргізілмеген немесе перспективалық шөгінді бассейндері анықталмаған аумақтар.

— Инвестордың сенімін қамтамасыз ету үшін, енді өз қаражаты есебінен аз зерттелген аумақта геологиялық зерттеу жүргізген инвестор барлау және өндіру кезеңіне басым әрі кепілді құқық алады. Бұл үшін алғашқы 3 жыл ішінде келісімшарт аумағының кемінде 30 пайызын қамтитын 2D сейсмикалық зерттеу жүргізу талабы енгізіледі. Бұл әдіс инвестордың мүддесін қорғайды және елге жаңа геологиялық деректер береді, — деді ол.

Сондай-ақ заң жобасында жер қойнауы учаскелерін резервке қою мерзімін шектеу және босайтын учаскелерді электронды аукцион арқылы нарыққа шығару мерзімі де қарастырылған. Бұл тәсіл бәсекелестікті арттырады, барлауды жеделдетіп, нарыққа жаңа қатысушылардың шығуына жағдай жасайды.

Жаңа уран кен орындарын барлау және игеру бойынша басым құқықтарды ұлттық компанияға беру ұсынылады. Бұл ереже елдің энергетикалық теңгерімін сақтауға және Қазақстанның атом энергетикасы саласындағы позициясын нығайтуға бағытталған.

ҰСТАЗҒА ҚҰРМЕТ – ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ

Еліміздің барлық өңірінен келген 300-ден астам мектеп мұғалімі, колледждер мен ЖОО оқытушылары, студенттер, ғалымдар, білім беру саласының ардагерлері мен сарапшылар қауымы «AMANAT» партиясының «Мұғалім Talks» кейс-платформасының екінші отырысында бас қосты. Талқылау тақырыбы — жасанды интеллект дәуіріндегі мұғалімнің рөлі мен білім беру саласындағы инновация. Сондай-ақ ерекше көзге түскен педагогтарға партиялық және ведомстволық наградалар табысталды.



Сөз басында Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов мұғалімдерді өткен кәсіби мерекелерімен құттықтап, педагогтардың қоғам өміріндегі және ел дамуындағы айрықша рөліне тоқталды. Ол «AMANAT»-тың негізгі тірегі педагогтар екенін атап өтті. Себебі Қазақстандағы 600 мың мұғалімнің 260 мыңға жуығы — партия мүшелері. «Біздің алдымызда тұрған негізгі міндет — адал, білімді, әділетті азамат тәрбиелеу. Бұл процесс үйден басталып, мектепте жалғасын табады. Әр баланың отаншыл болып өсуі, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білуі, айналасына, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауы маңызды. Президент айтқандай, әр адам өзі адал болса, заңды құрметтесе ғана Әділетті Қазақстанды құра аламыз. Ал ондай буын тәрбиелеу — мұғалімдердің тарихи миссиясы. Осы істе партия әрдайым сіздермен бірге болады», — деді ол.

Партия Төрағасы цифрландыру және жасанды интеллектті дамыту мәселесіне ерекше назар аударды. Ол Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында Қазақстанды үш жыл ішінде жаппай цифрлық елге айналдыру туралы өте ауқымды міндет қойғанын еске салды. Бұл білім беру жүйесіне қажет маңызды мүмкіндіктерге жол ашады.

«Мектеп тек даму үдерісіне ілесіп қана қоймай, оны басып озуға тиіс.

Мәселе енді жасанды интеллект білім беру жүйесінде қажет пе, жоқ па деген сауалда емес, оны тиімді енгізуде. Бір нәрсені үнемі есте сақтау керек — мұғалім мектептің жүрегі болып қала береді. Жасанды интеллект мұғалімді алмастырмайды, керісінше оны басы артық жұмыстан арылттып, ең негізгі міндетін — оқушыға білім беру, тәрбиелеу және тұлғалық қасиетін қалыптастыру ісін алаңсыз атқаруына мүмкіндік беруге тиіс», — деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс Спикері Мемлекет басшысының білім беру жүйесін қолдауға қатысты саясаты мен оның тапсырмасы бойынша «Педагог мәртебесі туралы» заңның қабылдануы оң нәтиже бергеніне назар аударды. Кейінгі төрт жылда білім беру саласына бөлінген қаржы көлемі үш есе артты. Мұғалімдердің жалақысы екі есе өсті. Биылдың өзінде мектепке он мыңнан астам жас маман келді. Олардың арасында жоғары балл жинаған түлектер мен «Алтын белгі» иегерлері бар. Халықаралық зерттеу нәтижелері мұғалімдердің басым көпшілігі өз жұмысына көңілі толатынын көрсетті.

Өз кезегінде, «AMANAT» партиясы да педагогтарға белсенді қолдау көрсетіп келеді. Мәжілістегі партия фракциясының қолдауымен халықаралық ғылыми конкурстардың жеңімпаздарын тәрбиелеген педагог-

тәлімгерлерге арнайы төлем қарастырылатын заң мақұлданды. Мұндай оқушылар енді «Болашақ» бағдарламасы бойынша грантка үміткер бола алады. Заңнамалық деңгейде мектеп қабырғасында тамактанлыру барысын бақылауды күшейту, балабақшалар мен білім беру ұйымдарына жер учаскелерін бөлу, алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімдерінің мәртебесін арттыру бойынша шаралар қабылданды.

«AMANAT» партиясының Төрағасы ұстаздар қауымын толғандырған мәселелер де аз емес екенін атап өтті. Олардың қатарында, мектеп қабырғасындағы шамадан тыс қағазбастылық, түрлі іс-шарада кезекшілік ету, мектеп қаттары мен әлеуметтік желілерді жүргізу жүктемесі, сондай-ақ ұстазға тән емес өзге де міндеттер бар. Сондай-ақ мұғалімдердің қауіпсіздігін арттыру, оларды қорлау мен психологиялық қысымнан тиімді қорғау нормаларын күшейту қажет. Мұғалімнің ең негізгі міндеті — балаларға білім беру. Ұстаздарды одан өзгесі алаңдатпауы керек. «AMANAT» партиясы бұл ұстанымды әркез қорғайтын болады. Тіпті заңнамалық өзгерістер енгізуге де күш салады.

Партия мұғалімдерді жаңа технологиялармен және, ең алдымен, жасанды интеллектпен белсенді жұмыс істеуге дайындайды. Атап айтқанда, мұғалімдерге жаңа технологияларды игеруге көмектесетін тегін курстар мен әдістемелік материалдары бар цифрлық платформа құру жоспарлануда. Сондай-ақ алғашқы пед-хакатон өткізіледі. Онда мұғалімдер ЖИ-ді мектеп қабырғасында қолдануға қатысты өз идеяларын ұсына алады. Ал үздік ұстаздар шетелде тағылымдамалар өту мүмкіндігіне ие болады. Сонымен қатар мұғалімдер Цифрлық кодексті әзірлеу жұмысына тартылады. Осы арқылы олардың практикалық тәжірибесі білім беру процесіне қатысушылардың мүддесі құжатта көрініс табуына көмектеседі.

Іс-шара барысында Премьер-Министрдің орынбасары — Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев пен Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова сөз сөйледі. Сонымен қатар «Мұғалім Talks» қатысушылары өздерінің кәсіби тұрғыда қалыптасу тарихымен бөлісті

және әріптестерімен бірге кәсіби сын-тегеуріндерді талқылады.

Алматы облысы Ұзынағаш ауылындағы физика пәнінің мұғалімі Бакытәлі Даулешяр оқушылармен бірге қолда бар заттардан құрал-сайман, тіпті жасанды қол протезін жасап, балаларды қалыптан тыс ойлауға үйрететінін, ғылымға деген сүйіспеншіліктерін оятатынын айтты. Ақмола облысы Аршалы ауылындағы тарих пәнінің мұғалімі Ольга Давыдова STEM мен жасанды интеллект әдістерін пайдалану арқылы тарих ғылымына жан бітіруге болатынын көрсетті. Түркістаннан келген қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Әмәлият Арқалық педагогты қажетсіз қағазбастылықтан арылту үшін цифрлық құралдарды пайдалануды ұсынды. Астана қаласындағы информатика пәнінің мұғалімі Салтанат Садыкова жасанды интеллектті пайдалана отырып, тапсырмаларды шағын жобаларға айналдыруда. Сол арқылы оқушылар өз шешімін негіздеуге және қорғауға үйренеді.

Семей қаржы-экономикалық колледжі директорының орынбасары Асхат Мұханов жұмысшы мамандықтар өзгерістердің алғы шебінде тұратынын атап өтті. Себебі жасанды интеллект оқу шеберханаларында маңызды құралға айналууда. Қостанайдан келген тарих пәнінің мұғалімі әрі ерекше баланың анасы Ұлжан Байгенижина қызмет барысында шаршап-шалдығы мәселесіне және педагогтардың өзара қолдау көрсету ісін кеңейту қажет екеніне назар аударды.

Атыраудан келген химия пәнінің мұғалімі Ибраһим Бақдәулетұлы оқушыларды олимпиадаға дайындау кезінде ЖИ қолданудың тәжірибелік мысалдарымен бөлісті. Жетісу облысы Жыланды ауылындағы мамандандырылған лицей-интернатының директоры Эльмира Рапилова Алматыдан туған ауылына оралып, жоғары оқу орындарымен және демеушілермен еріпестік орната отырып, өз колледжінде инженерлік білім беру сапасын қалай арттырғанын айтты. Отырыс модераторы — белгілі тележүргізуші Сағыныш Әбікей.

Іс-шара соңында Ерлан Қошанов бірқатар қатысушыға «Ұстаз — ұлт айнасы» партиялық наградасын табыстады. Биылдан бастап аталған награда мен жыл сайын еліміздің үздік педагогтары марапатталады. Сондай-ақ кәсіби қызметі барысында елге сіңірген еңбегі үшін мұғалімдерге Премьер-Министрдің орынбасары — Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев пен Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова ведомстволық наградалар табыстады.

Қоғамға елдің өткен кезеңін, даңқты тұлғаларын еске салып, құрметін бейнелеп тұратын ескерткіштер жетерлік. Өнер туындысы әрі жәдігер саналатын оның ұрпаққа берері мол. Дегенмен бұл салада да аз-кем олқылықтар шығып жатқаны жасырын емес. Айтылған мәселеге байланысты Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева пікір білдірді.

ЕСКЕРТКІШ САПАСЫ ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАУҒА ТИІС

Алдымен ведомство басшысы жуырда аса көрнекті мәдениет және өнер қайраткері, біртуар композитор Нұрғиса Тілендиевтің туғанына 100 жыл толуына орай туған жері — Алматы облысындағы Өтеген батыр ауылында ұлы тұлғаның ескерткіші бой көтеріп, жаңа мәдениет үйі ашылғанын хабарлады.

«Салтанатты іс-шара барысында Мемлекет басшысы өзінің құттықтау сөзінде Нұрғиса Тілендиевтің тұғырлы ескерткіші халқымыздың әйгілі тұлғаға екенін айрықша құрметі мен ыстық ықыласының белгісі екенін атап өтті. Нұрғиса ағаның ескерткіші жоғары көркемдік талғаммен жасалып, ерекше үйлесім тапқан. Осы орайда, еліміздегі ескерткіш орнату мәселесіне тоқтала кеткім келеді. Өрине, тарихта есімі қалған тұлғаларды ұлықтау өте маңызды. Алайда ескерткіш орнату үлкен жауапкершілікті талап етеді. Өкінішке қарай, елімізде ескерткіштерді заңсыз орнату фактілері жиі кездесіп отыр», — деп жазды Аида Балаева.

Бұған қоса ведомство басшысы Мәдениет және ақпарат министрлігінің жүргізген талдау есебін де көрсеткен. Айтуынша, кейінгі бес жылда еліміздің он өңірінде 49 ескерткіш заң талаптарын сақтамай орнатылған. Ең көп заңсыз орнатылған ескерткіштер Түркістан (17) және Қостанай (15) облыстарында тіркелген. Тіпті республикалық комиссия қолдамаған жобалар да өз бетімен орнатылып кеткен. Кейбір ескерткіштер жекеменшік аумақтарға қойылып, кейде ескерткіш пен шағын архитектуралық нысанның айырмасы да мүлде ескерілмей жатады.

«Сондықтан ескерткіш орнату — тек ықылас пен ниет емес, ең алдымен тәртіп пен жауапкершілік екенін ескеру керек. Әсіресе, игі ниетпен қолдау білдіріп жүрген демеушілер, меценаттар бұл мәселені ұдайы назарда ұстаса дейміз. Бірақ жергілікті атқарушы органдар заңсыздыққа жол бермей, қатаң бақылауға алуы керек», — деді министр.

Сонымен қатар Аида Ғалымқызы «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» заңға ескірес, әрбір жаңа ескерткіш монументалды өнер құрылыстарын орнату жұмыстарын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары жүзеге асыратынын жеткізді. Монументалды өнер құрылыстарын орнату тәртібі министрлік қағидаларымен реттелген.

Ал Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте монументалды өнер нысандарын орнату ережесін бұзғандарға айыппұл қарастырылған. Нақтырақ айтқанда, жеке тұлғаларға — он, лауазымды тұлғалар мен шағын кәсіпкерлік субъектілеріне — елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне — жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне — екі жүз елу айлық есептік көрсеткіш көлемінде, сондай-ақ жүргізіліп жатқан жұмыстарды уақытша тоқтату қарастырылған.

«Кей жағдайларда ескерткіштер жекеменшік аумақтарға орнатылып, қоғамдық кеңістіктің эстетикалық келбеті ескерілмей жатады. Мұның бәрі түптеп келгенде тарихи тұлғаларға деген құрметтің лайықты деңгейде көрініс табуына кері әсерін тигізеді. Тарихқа адалдық тәртіптен басталады. Өйткені ескерткіш — бұл тек өткенге құрмет белгісі ғана емес, сонымен бірге келер ұрпаққа деген ортақ аманатымыз», — деп түйіндеді Аида Балаева.

9 ҚАЗАН 2025 | БЕЙСЕНБІ

ЖЕРДІҢ ЖЫРЫ: ТҮЙІНДІ КІМ ТАРҚАТАДЫ?

А Елдос СЕНБАЙ
(Басы 1-бетте)

Бұл салада цифрлық технологияларды кенінен қолдану айрықша маңызды. Қаншама Үкімет ауысты. Бүгінде космо-мониторинг және геоталдау жүйесі пайдаланылмай жатқан жерлерді анықтап, қайтаруға септігін тигізіп жатыр. Алайда жұмысты тың қарқынмен жалғастыру талап етіледі.

Бұдан бөлек, жер ресурстарының бірыңғай цифрлық картасын әзірлеу керек. Оған кадастрлық мәліметтерді, инфрақұрылымға және жер қойнауын пайдалануға қатысты ақпаратты кіріктіру қажет. Яғни, Үкімет атқаратын болса, өрісіне «түрен түспеген» жұмыс көп. Ал ауылда жайылымның жетіспеу проблемасы әрі қарай ушығып барады.

КҮРЕС ЖҮРІП ЖАТЫР...

Президент сынынан кейін Алматы облысының прокуратурасы Forbes байлар тізіміндегі олигархтар мен экс-шенеуніктерді заңсыз алған жерінен айырып жатқаны туралы ақпаратын жариялады. Неге бұл облыс? Себебі елдегі өте тартымды жерлер осы өңірде екен. Бұрын жұмыс істеген жер комиссиялары анықтағандай, кілең ығай мен сығай, латифундистер Қазақстанның астықты солтүстік-орталық өңірлерінің сыртында елдің ең ірі мегаполисіне жақын, Алатау бөктеріндегі ең қымбат әрі шұрайлы жерлерді көптеп қарлып қалыпты.

Өңір прокуратурасы Алматы облысында 15 жылдан аса уақыт бұрын жеке пайдалануға заңсыз берілген жер учаскелерін қайтару бойынша жүйелі жұмыстар жалғасып жатқанын мәлімдеді. Соның ішінде кейінгі 3 жыл ішінде облыста жалпы құны 6,1 млрд теңгені және жалпы ауданы 83 мың гектарды құрайтын жер ғана мемлекетке қайтарылған.

Бір жайт ойлантады: 2022 жылдан мемлекет меншігіне алып қойылған осы 83 мыңның төрттен бір бөлігі ғана бай-бағыланнан тәркіленіпті. Сонымен бірге бірқатар фермер ету жұмыстарын жүргізбей, «пайдаланылмайды» деп танып, мемлекетке қайтаруды талап ету деректері барын хабарлап, дабыл қағып жүр. Қалай болғанда облыстық прокуратураның мәліметінше, 3 жылда өңірде жалпы құны 1,6 млрд теңгені құрайтын 21 мың гектар

жер ғана бұрынғы биік лауазымды шенеуніктерден, олардың туыс-туғанынан және Forbes тізіміне кіретін бизнесмендерден тартып алынды.

Алматы облыстық прокуратурасы жерді қайтару жұмыстарын облыстық жер ресурстарын басқару департаментімен және Балқаш-Алакөл бассейндік инспекциясымен тізе қоса отырып, жүргізіп жатқанын қосты. Қапшағай су қоймасы мен Іле өзені жағалауындағы 81 жер учаскесінің заңсыз бөлінгенін «аманаттық» депутаттар бірідан көтеріп келеді.

— Су қорғау белдеуіндегі бұл жер учаскелерін Қапшағай қаласының әкімдігі заңнамадағы тыйымдар мен шектеулерге қарамастан таратқан. Биылғы шілде мен тамызда тексерулер басталды. 81 жер учаскесінің 50-і жер заңнамасын өрескел бұза отырып берілгені әшкереленді. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар санатына жататын және су қорғау белдеуінде орналасқан жерлер олигархтар мен бұрынғы ірі шенділерге ұсынылған. 50 жер учаскесінің қожайынына бұзушылықтың анықталғаны туралы ұйғарым берілді, — деді «AMANAT» партиясы жанындағы «Жер аманаты» комиссиясы мүшесі, Мәжіліс депутаты Бақытжан Базарбек.

Оныңайтуынша, қазірбұзушылықтарды тапқан жер ресурстарын басқару департаментінің инспекторлары «бизнес элита мен іс басындағы биік лауазымды шенеуніктер тарапынан қысым көріп» жатыр. Депутат Қонаев, Алатау қалалары және Іле ауданы жұртшылығынан қосымша ақпарат түскенін, онда олар бұрынғы әкімдердің балалары көптеген жерді астына басып алғанына шағымданғанын тілге тиек етті.

— Мысалы, тұрғындардың шағымдануынша, Іле ауданының әкім ретінде 14 жыл басқарған Николай Логутов өз отбасының мүшелеріне жалған тұлғалар арқылы орасан зор көлемдегі жер телімдерін бөліп берген. Тұрғындар аудандағы біраз шұрайлы жер оның ұлы Константин Логутовтың меншігінде екеніне назаланады. К.Логутов «Монтажник» шаруа қожалығының, сондай-ақ Dala Invest Group, Billboards Empire, Al-Agro Group сияқты ЖШС-лардың құрылтайшысы. Шаруалардың мәліметі бойынша, осы компаниялар арқылы Константин он мың гектардан астам жерге иелік етеді, — деді Б.Базарбек.

Б.Базарбек дәл осы кезде ауылдықтар мемлекеттен 10 сотық жер ала алмайтынына екпін түсірді. Жергілікті жұрт депутаттарға



Елнар КАБА (қолғау)

әлгі бос жатқан жерлерге қожайыны халықтың мал жаюына да, бақша егуіне де тыйым салғанына мұң шағып, арызданды.

Ал сатып алам десең, мархабат: түгін тартса майы шығатын құнарлы жерлер кесек ет турағандай, кесіп-кесіп, шағын учаскелермен, бірақ удай қымбат бағаға сатылады екен. Бұл ретте депутаттар ол жерлердің бір бөлігі жеке меншікке беруге заңмен тыйым салынған «қызыл сызықтарда», сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аймақтарда орналасқанын анықтайды. Жоғарыда хабарланғандай, прокуратура өзге мемлекеттік органдармен бірлесіп, бұл мәселелерге терең бойлап, мән-жайын білуге тырысу үстінде.

ҚИМЫЛ ҚАРҚЫНЫ БАЯУЛАДЫ

Жалпы, пайдаланылмайтын жерді мемлекетке кері қайтару жұмыстары кейінгі уақытта қарқынын жоғалтқанын қоғам

белсенділері де, депутаттар да қаузап келеді. Мұның бірнеше себебі бар екен: бір жағынан, латифундистер, лэндлордтар билік тармақтарындағы түрлі лоббисі арқылы ашылған істердің жабылуына, әшкереленген деректердің қузырлы органдар қабырғасынан сыртқа шықпауына қол жеткізеді. Жерге қатысты талай билықты тауып, оны жоюға табандаған адал қызметкерлердің жұмыстан кетірілетіні жасырын емес.

Екінші жағынан, бұл сала неге екені белгісіз, әлі күнге бюрократияландырылған. Басқа салалар қатарында бұл бағытты да дебиюрократизациялауға шама жетер емес. Мәжіліс депутаттарына жауап хатында Үкімет басшысы Олжас Бектенов заңбұзушылықтар анықталғанымен, оны жою үшін ұзақ күтуге тура келетінін айтыпты.

Оның дерегі бойынша, жерді жалған құжаттармен алу деректері бар. Мәселен, Алматы облысы әкімінің аппараты Қарасай

ӨЗЕКТІ

ҚАРЖЫ БАР, ҚҰЛЫҚ ЖОҚ

А Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ
(Басы 1-бетте)

Мұның себебін «Қазақстандық сүт өнеркәсібінің Еуразиялық экономикалық одақ мемлекеттерімен бәсекелестік қабілетіне ең бірінші еркін сауда шарттары және жеке қосалқы шаруашылықтардағы шикізаттың сапасы әсер етеді» деп түсіндірді Ауыл шаруашылығы министрлігінің мамандары бізге берген жауабында.

«Статистика бойынша жалпы өндірілген сүт көлемі салыстырмалы түрде жоғары болғанмен (2024 жылы 3,5 млн тонна шикі сүт өндірілген), оның басым бөлігі (яғни, 2,2 млн тоннасы) жеке қосалқы шаруашылықтарда өндіріледі. Импортқа тәуелділікті азайту мақсатында 2023 жылдан бастап елімізде арнайы бағдарлама іске қосылды. Бұл бағдарлама бойынша тауарлы-сүт фермаларды салу және кеңейту мақсаттарына 2,5% мөлшерлемесмен 10 жылдық мерзімге жеңілдетілген несиелер беру көзделді. 2023-2024 жылдары бағдарлама бойынша 100 млрд теңгенден бөлінді, 2025 жылы 200 млрд теңге көзделген», — дейді министрлік өкілдері.

Жалпы, мемлекет сүт өнеркәсібін өркендетуге қаржыны есепсіз құйып жатыр десек болады. Бірақ шалқынған шаруашылықтың да, отандық өнімге қарық болған тұтынушының да қарасы көрінбейді. Үкіметтен бастап, кәсіпкерлерге дейін арқадауға тиіс жауапкершілік жүгі қандай екені де анық емес.

Қаржы, биржа, макроэкономика сарапшысы, экономист Айбар Олжай саланың тұралап қалуының бірден-бір себебі жемқорлық екенін айтады. Ол осыдан 15 жыл бұрын болған жемқорлық, қобаларды аяғына жеткізбеу және жобаға нақты адам бекітілмеуі және жауапкершіліктің болмауы қазақстандық сүт дегенде дамымай, кенжелеп қалған саланы көзге елестетуге әкеледі дейді.

— Кезінде белгілі бір тауарлы сүт фермасы деген идея болған. Сол жобада үлкен жемқорлық болғаны есімде. 2012 жылдары басталған жобаны 3-4 жыл бойы ешкім ешқандай дұрыс ұйымдастыра алмай, желге ұшқан қаржы, қанырап қалған өнеркәсіп қалды. Сол уақытта Қазақстан өзінің үлкен бір сүт индустриясынан айырылды. ЕАЭО құрылды да арзан Беларусь ірімшігінің бізге келуі, Қырғызстанның одаққа қосылуы, олардағы арзан сүттің бізге келуі отандық мамандаған сүт инфрақұрылымын қайтадан қалпына келтіруге мұрша бермеді. Бар имфрақұрылымды



жаңғыртудың орнына бар жобаны талан-таражға салып, жемқорлық салдарынан сүт өндірісі тұралап қалды. Біз көп позиция бойынша қатты ұтылды. Біріншіден, құрғақ сүт өндірісін елімізде неге дұрыс ұйымдастыра алмағанымыз әлі күнге дейін түсініксіз. Екіншіден, ірімшік өндірісін Қазақстанда оп-онай жасауға болар еді. Кезінде елімізде мамандар да болды, технология да болды. Қазір таза құрғақ сүт пен ірімшік бойынша түгел тәуелдіміз. Қазақстанда бағыдан қалыптасқан тауарлы сүт фирмалары, сүт өндіру, сыыр сауу технологиялары бар еді. Біз қолда бар индустриядан неге екені белгісіз, айырылып қалды, — деді А.Олжай.

САУДА ОРЫНДАРЫ ОТАНДЫҚ ӨНІМДІ ҚОЛДАУҒА ҚҰЛЫҚСЫЗ

Сүт өнімдерін өндіруші кәсіпкерлердің бәсекеге қабілеттілігі мен әсер ететін факторларға тоқталғанда ескерілуі әрі мемлекет тарапынан шешілуі керек қордаланған түйткілдер бар. Мәселен, биыл шілде айында Үкімет «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне отандық тауар өндірушілерді қолдау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын қабылдамады. Егер заң қабылданғанда, Үкімет бизнеспен бірлесе отырып, «жабайы нарық жағдайындағы сүт өнеркәсібінің аяқтан тұруына мол мүмкіндік туатын еді» дейді мамандар. Сарапшылардың пікірінше, Үкіметтің бұл заң жобасын қолдаудың орнына теріс пікір білдіруі күтпеген жағдай. Бюджет тапшылығы жағдайында салықты көбейту жол-

дарын іздеген Үкімет үшін бұл заң жобасы балама табыс көзі болар еді. Өйткені отандық өндіріс көлемін арттыру салық түсімдерін де көбейтер еді.

Осы орайда біз Мәжіліс депутаты Нұржан Әшімбетовтен «Саланың аяққа тұруы және отандық сүт өнімдерінің импортпен бәсекелесе алуы үшін не істеу керек? Дүкен сөрелерін өзіміздің өнімдерімізбен қамтамасыз етудің шешімі бар ма?» деп сұраған едік. Депутат «Бірінші мәселе, ЕАЭО-ға мүше Ресей мен Беларусьте сүт өндірісі өте мықты дамыған. Сондықтан олар санкцияға байланысты сүт өнімдерін көбіне біздің нарыққа жіберуге мәжбүр болып отыр» деп жауап берді.

— Бұл елдер өздерінің агроөнеркәсіп кешенін дамытуға мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау көрсетуде және кәсіпорындары әлдеқайда үлкен, логистикасы мен шикізат базасы жақсы дамыған. Оларда транспорттық субсидия деген бар, олар логистиканы ақшамен жабады. Сондықтан Воронежде шығарған сүт өнімдері мен Қызылордаға әкелген сүт өнімдерінің бағалары бірдей. Сөйтіп, біздің өнімдерді сауда орындарында қиындықпен сатамыз. Олармен бәсекелесе алу үшін баға төмен, сапа жоғары болуы керек, бірақ олай болмай тұр. Түйінді шешудің бір жолы — өзіміздің кәсіпкерлер үшін инвестиция көлемін арттыру мен отандық өнімді қолдау шараларын көбейту, — деді ол.

Сондай-ақ депутат биыл шілдеде Үкімет заң жобасын неге қабылдамағанына да тоқталды.

— Ішкі нарыққа импортталған өнім көп кіріп жатыр. Соның ішінде көлеңкелі

тауарлар көп келеді, мұны «сұр импорт» дейді. Қазір біздің шекара ашық-шашық, ірі көлемде кірген тауарға ешкім салық төлемейді. Шекарада бақылауды қатаңдату керек. Ал заң жобасына келсек, қараған кезде сауда орындары отандық өнімді қабылдауға қолдан көп кедергі жасап қойғанын білдік. Олар өндірушіден қосымша бонустар, қаражаттар сұрайды. Тағы бір мәселе — мал өкелу. Жаңа салынып жатқан фермаларға көп өнім беретін мал, сыырларды шетелдерден әкелеміз. Статистика бойынша 25 пайыз ғана фермаларды отандық сапалы, құнарлы малмен қамтамасыз ете аламыз, қалған 75 пайызын шетелден әкелеміз. Көбіне Еуропа елдерінен, Ресейден алдырамыз. Қазір Еуропадан мал өкелуге үлкен кедергі бар. Ресей бізге Еуропадан мал өкелеміз десек, ол жақта мал ауруы шықты деп транзитті жауып тастады. Сондықтан қазір фермерлер, инвесторлар малды шетелден әкеле алмай қиындық көріп жатыр, — деді депутат.

САНҒА САЙ САПА БОЛМАЙ ТҮР

Қазақстан салаға есепсіз қаржы құйып жатқандай көрінгенімен, тамақ өнеркәсібіндегі мемлекеттік қолдау деңгейі шамамен 5%-ды құрайды, ал Ресейде бұл — 10%, Беларусьта — 15%. Бұл жағдайда отандық сүт өндірушілер өз өнімін арзан бағаға сата алмайды. Отандық өндірушілер қолдағы бар шикізаттың өндіру шығынын да жаба алмай отыр. Себебі өнімнің нарыққа жету жолында үлкен кедергілер бар. Әрі арзан импорт тұрғанда жергілікті сауда желілері өз пайдасын ойлап, дүкен сөрелерінен өздеріне ақшалай кіріс түсетін өнімге орын береді. Шағын шаруа қожалықтарында логистика, салқындату, өңдеу инфрақұрылымы жетіспейді.

Дегенмен Үкіметтің 2017 жылдан бері жеке және қосалқы шаруашылықтарды (ЛПХ) қолдау мақсатында жүзеге асырылған «2000 литрге дейінгі сүтті санитарлық талаптарға сәйкес, күнделікті бірнеше литрден бірнеше жүз литр фермерлерден жинап, салқындатып ірі сүт өндіретін зауыттарды шикізатпен қамтамасыз ету» жобасының нәтижесінде кәсібин дөңгелетіп отырған азаматтар жоқ емес.

Ұлттық статистика бюросының дерегіне сәйкес, жыл сайын елімізде сауылатын шикі сүттің 88%-ға жуық мөлшері шағын шаруа қожалықтары мен екі-үш сыыры бар ауыл тұрғындарынан жиналады. Бірақ шағын кәсіп иелері мен шағын шаруа қожалықтарынан жиналған сүттің тазалығы, микробиологиялық құрамы қауіпсіздік

ауданында құқық белгілейтін құжаттарды тексеру барысында қолдан жасау фактісін әшкерелепті. Әкімдік 2025 жылғы 22 мамырда Қарасай ауданының полиция басқармасына тиісті шаралар қабылдау үшін хат жолдаған.

Табиғи парктер жері де бөгде біреулерге үлестіріліпті. Іле-Алатау мемлекеттік ұлттық табиғи паркі «Халықаралық клубтар қауымдастығы» ЖШС-ына бұрын берілген 848 гектар жерін өз құрамына қосу туралы Алматы қаласының әкімдігіне өтінішхат жолдады. Заңнамаға сәйкес, аталған аумақты табиғи парк құрамына қайта қосу бойынша жаратылыстану-ғылыми және техникалық-ғылыми негіздемелер әзірленіп жатқан көрінеді.

Содан кейін Үкіметтің арнайы қаулысы әзірленіп, қабылдануға тиіс. Басқа да қажетті рәсімдердің жүргізілуі қажет екенін мәлімдеді. Тек содан кейін тиісті шаралар қабылданып болады. Үкімет басшысы О.Бектенов депутаттарға бұл жұмыс нақты қашан аяқталатынын айта алмады. Ендеше бұл бағыт та бюрократияға тұнып тұр. Кезінде заңмен тыйым салынғанына қарамастан, табиғи парк жерін ылдым-жылдым бере қойған. Ал енді оны қайтару ісі шырғалаң мен сергелдеңге толы.

Олжас Бектенов Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін сонау 2022 жылғы 1 қыркүйекте қабылданған жалпыұлттық жоспар іске асырылып жатқанын мәлімдеді. Оның аясында жер қатынастары саласындағы уәкілетті орган пайдаланылмай жатқан және жер заңнамасын бұза берілген жерлерді мемлекет меншігіне қайтаруға тырысып жүр. Өйткенмен, тіпті ресми деректің өзінен жерді кері оралту ісінің тегеуріні қайтып, қарқыны үш еседей құлдырағаны байқалады.

Премьер-министрдің орынбасары — ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарын пайдаланылмаған не заңнаманы бұза бөлінген жайылым жерлерді қайтару жұмысы жалғасқанын хабарлады. Осы мақсатта ауыл халқының мүддесі үшін жерді қайта бөлу және жер ресурстарының тиімді пайдаланылуын бақылау жөніндегі республикалық комиссия жұмыс істейді. 10,6 млн гектар алаңды жайылған 5 357 жер пайдаланушыға тексеру жүргізілді. Оның 7,4 млн гектарынан бұзушылық әшкереленіп, 3 979 ұйғарым шығарылды. Тек 3,87 млн гектарында итеру басталды.

2024 жылы республиканың ауыл шаруашылығы алқаптарының 100%-ы цифрландырылды. Оның ішінде 155,6 млн гектар немесе ел аумағының 57,1%-ы координаттық жүйелер мен картографиялық проекцияларды ескере отырып, ашық форматқа ауыстырылды. Қалай болғанда да, жерге қатысты заңсыздықтар әлі де бары аңғарылады. Президент Жолдауынан кейін бұл іске соны серпіп беріле ме, әлде бұл тақырыпты келесі Жолдауда тағы көтеруіне тура келе ме, уақыт көрсетеді.

талаптарына сай келе бермейді. Оның үстіне, 2025 жылдың қаңтарынан бастап ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер шикі сүттің микробиологиялық құрамына техникалық регламентті күшейткелі жатыр. Сондықтан шикі сүт ЕАЭО талабына сай болуы үшін сыыр арнайы сауын машинасымен сауылып, бірден салқындатқыш-танкерге құйылуы керек. Шикі сүттің 90%-ға жуығын сүт зауыттарына жеткізіп отырған шағын шаруа қожалықтары мен ауыл адамдары дәл қазіргі жағдаймен бұл шартты орындай алмайды.

С.Сейфуллин атындағы КАТЗУ Инжиниринг және азық-түлік технологиялары институтының сүт және сүт өнімдерін өңдейтін цехының инженер-технологы Бегжан Қалемшарив болса, 500 литрге дейін сүт дайындайтын фермерлерге қамқорлық ауадай қажет дейді. Оның айтуынша, әрбір сүт дайындаушы фермерге сауылған сүтті қысқа мерзімде салқындатып, шикі сүтке қойылатын барлық талапқа сәйкес шикізатты ауыл ішіндегі цехтарға өткізу мүмкіндігін жасап, қолдау көрсету керек.

— Сапалы өнім өндіру сүтті алғашқы өңдеумен тікелей байланысты. Біз тұтынатын өнімнің сапа көрсеткіштеріне ғана емес, құрамына да аса мән беруіміз керек. Яғни, ірімшік және ірімшік негізіндегі өнімдердің айырмашылығы құрамында. Кейбір импорттық сүзбе және ірімшік негізіндегі өнімдердің құрамындағы майдың массалық үлесі өсімдік тектес майлармен алмастырылғандықтан, олардың отандық өнімдерден нарық бағасы әлдеқайда төмен. Яғни, олар табиғи емес, жасанды қоспаларды көп қосатындықтан, өндіру құны да арзанға түседі. Ал өзіміздің сапаға сай, таза өнімдеріміз табиғи болғандықтан да қымбатқа түседі. Ауылдарда арнайы цехтардың жоқтығы да аз әрі қымбат өнім шығаруға мәжбүрлеп отыр. Егер ауылдарда арнайы шағын цехтар, жылдам салқындатып сақтайтын резервуар мен сорғылар болғанда шаруалар өнімін алаңсыз сақтауға, мол өнім өндіруге мүмкіндік туар еді, — дейді маман.

Жалпы, агроөнеркәсіптік кешенде зор әлеуетке не Қазақстан 27,1 млн гектар егістік және 183,2 млн гектар жайылымды қоса алғанда барлығы 219 млн гектар ауыл шаруашылығы жері бар қобашасы ел саналады. Мұндай дарқан далада төрт түлкіті түлетіп, қаймақ пен қатық қатқан отандық өнімнен нарықтың молынан қамтуға толық мүмкіндік бар. Алайда бұл әлеует толық пайдаланылып отырған жоқ. Егер қалаудың тапса, ежелгі атақесіп мал шаруашылығы ет, сүт те, киім де бола алар еді. Жаңа технология, инновация, инвестиция деп көп айтамыз, бірақ азық-түлік қауіпсіздігімен қатар ауыл экономикасын дамытудың және халықты сапалы өніммен қамтамасыз етудің кілтін әлі тапқанымыз жоқ.

АЛАҢ

ТӘРТІПКЕ
БАҒЫНҒАН
ТӨРГЕ ОЗАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында азаматтарды кез келген құқықбұзушылыққа қатысты «нәлдік төзімділік» танытуға шақырды. Сонымен бірге Мемлекет басшысы «өкінішке қарай, қоғамдық тәртіпті бұзушылардың арасында әйелдер де бар» екенін атап өтті. Кейбіреулер бұл сөзді ескерту ретінде қабылдады, алайда мәні мүлде басқа. Өйткені ежелден сұлулықтың, нәзіктіктің және үйлесімнің символы болып келген әйелдер жанжалдарға араласа бастаса, демек, мінез-құлық мәдениеті дағдарысы, шын мәнінде, күрделі сипатқа ие болғанын білдіреді. Осыған орай, «АЛАҢ» айдарында сарапшылардың пікірін білдік.



Ешар ҚАБА (қолжазба)

— Президент осы жолғы Жолдауда «қазір адамдарда дәрекі сөйлеп, бір-біріне ерегісіп, жаға жыртғысатын әдет бар. Осындай келеңсіз оқиғаларды, әсіресе, қоғамдық орындарда, жол бойында жиі көруге болады. Өкінішке қарай, солардың ішінде айқай-шу шығаратын, балағат сөздер айтып, қоғамдық тәртіпті бұзатын әйелдер де бар» деді. Отбасының ұйытқысы болған әйелдердің қоғамдық тәртіпті бұзуына не себеп? Оларды ақтап алуға бола ма?

Мұқаш ЕСКЕНДІРОВ,
Мәжіліс депутаты:



Дәрекілік көрсетіп, балағат сөздерді айтатын азаматтарды қоғамда жиі кездестіреміз. Бұл тек әйелдерге немесе қарапайым халыққа ғана тән емес. Мемлекеттік қызметте, әскери салада, құқық қорғау орындарында жұмыс істейтіндер де кейде «сабыр» сактамай, айқай-шу шығарып жатады. Қарапайым халық ашынып, қатты сөйлесе, оны бір сәттік күйзелістен туған эмоция деп түсінуге болады. Бірақ билік өкілдерінің, әсіресе, әкімдер мен басшылардың

биіктіктің көрінісі. Сол қасиетті жоғалтпайық.

Динар НҮКЕТАЕВА,
Парламент Сенатының жаңындағы сенаторлар кеңесінің мүшесі:



Президеніміз Жолдауда адамдардың дәрекілігін, бір-біріне ерегісіп, жаға жыртғысатынын, қоқан-лоқы жасайтынын сынға алып, осы әдетті тоқтату керектігін айтты. Әсіресе, қоғамдық орында мұндай әрекеттер жиі кездеседі. Осындай заңсыздық тек жастар мен ер азаматтардың арасында ғана емес, үлкендер мен әйелдердің арасында да бар. Қоғамдық көлікте де азаматтардың дәрекілігі жиі кездеседі. Қазір қазақтың мінез-құлқында болмаған жағдайлар орын алып жатыр. Ұлтымыздың «дала заңдары» сияқты жазылмаған, атадан балаға қанмен беріліп келе жатқан жақсы қасиеттері бар. Егер соны ұстансақ, біз әдепті, тәртіпті қоғам құрап едік. Мемлекетімізді демократиялық, зайырлы ел деп жариялағанымызға 40 жылға жуық уақыт болды. Кейбір адамдар демократияны «ойыма не келсе, соны жасаймын» деп ұғады. Олар «әлім жетсе, заңсыздыққа да барамын» деп

ежелден келе жатқан жазылмаған заңы.

Балабек САҚТАҒАНОВ,
психолог:



Әйел — отбасының ғана емес, қоғамның, мемлекеттің бет-бейнесі, айнасы. Қазақ «Әйел — отбасының ұйытқысы» дейді. Оның мінез-құлқы, жүріс-тұрысы, мәдениеті қоғамдағы рухани жағдайдың көрінісі. Көшедегі дау-дамай мен агрессия көрсету бүгін ғана пайда болған жоқ. Ал мұндай қадамға баратындардың психикасында ауыртпашылықтар бар. Ішіндегі күйзелісті, отбасындағы ренішті, әлеуметтік жағдайдың нашарлығын кейбір әйелдер агрессия арқылы шығарады. Олар күйеуінен зорлық-зомбылық көріп, өзінің ана ретіндегі рөліне де көңілі толмай жүруі мүмкін. Осы ішкі реніштер әйел адамның санасында жүреді. Ал ашу тудыратын ситуацияға тап болғанда, санасында жиналған эмоцияның барлығын сыртқа шығарады. Менің байқауымша, қоғамдық орындағы дәрекілік, жаға жыртғысу сол сәтте пайда болмайды. Бұрыннан жиналған ашу-ызса. Бұл арқылы әйелдерді қорғап, ақтап тұрғаным жоқ. Заң барлығына ортақ. Бірақ барлығына бірдей заңмен шара қолдана бермей, қоғамдағы осындай оқиғаның себеп-салдарына үнілуіміз керек. Жалпы, қоғамда отбасылық қарым-қатынас, адамның өзін-өзі басқара алуы, эмоционалды интеллектіні дұрыс қолдануды жиі айтып, насихаттау керек.

— Қазақстан заңнамасында балағат сөздер үшін жауапкершілік бұрыннан қарастырылған. Мысалы, қорлау, яғни басқа адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін әлсіз түрде бұзу — бұл қылмыстық теріс қылық. Оны жасағаны үшін жауапкершілік 100 АЕК-ке дейін айыппұл түрінде немесе 120 сағатқа дейін түзеу, я болмаса қоғамдық жұмыстар түрінде көзделген. Дегенмен азаматтар бұл заңнан не үшін сескенбейді? Осы мәселені қоғамда қалай реттеу керек?

Мұқаш ЕСКЕНДІРОВ:
Барлығын тек сот арқылы шешу — түпкілікті жол емес. Заң тәртіпті реттейді, бірақ адамның ішкі мәдениетін қалыптастырмайды. Егер әрбір дау-дамай, әрбір дәрекі сөз тек құқықтық тұрғыда қаралса, біз қоғамдағы рухани негізді жоғалтып аламыз. Сондықтан бұл жерде қоғам белсенділері, ұстаздар,

ұжым басшылары мен зиялы қауым өкілдері белсенді рөл атқаруы керек. Әрбір еңбек ұжымында, білім ордаларында, мемлекеттік мекемелер мен жеке компанияларда сөз мәдениеті, қарым-қатынас әдебі, әдеп нормалары жөнінде ашық әңгіме қозғалғаны жөн. Мәселені тек заңмен емес, тәрбиелік және түсіндіру жұмыстары арқылы шешу әлдеқайда нәтижелі.

Қазақ «Жақсы сөз — жарым ырыс» дейді. Егер ортада жылы сөз, сыйластық пен сабыр орнаса, айқайдың да, ұрыс-керістің де қажеті болмайды. Ұжым басшылары өз қызметкерлеріне тек жұмыс міндетін емес, қарым-қатынас мәдениетін де үлгі етіп көрсетуге тиіс. Ал қоғам белсенділері адамдарды жазғыру емес, жақсылыққа шақыру арқылы өзгеріс әкеле алады. Өйткені мәдениетті қоғам тек заңмен емес, ұят пен ардың өлшеммен өмір сүреді. Сондықтан ішкі мәдениет мәселесін күн тәртібінен түсірмей жиі талқылап отыру — қоғамның рухани саулығын сақтаудың ең тиімді жолы.

Динар НҮКЕТАЕВА:
Әкімшілік құқық бұзушылыққа қатысты заң барлығына ортақ. Тіпті елге танымал өнер адамдары қоғамдық тәртіпті сақтамағаны үшін жазасын алды. Мүмкін адамдар бір реткі жазда сескене қоймас. Бірақ әр құқық бұзған сайын заң алдында жауап берсе, адам өз қатесін түсінеді. Заң үлкенге де, кішіге де, мемлекеттік қызметкер мен қатардағы жұмысшыға да ортақ. Президентіміз әділетті мемлекет құру үшін заң үстемдігі ең басты мәселе екенін атап айтқан болатын.

Ең бастысы, барлығы отбасында берілетін тәрбиеден бастау алады. Ата-бабаларымыз баланы «ұят болады, жаман болады, обал болады» деген үш-ақ сөзбен тәрбиелеген. Соңғы кезде ұятты ысырып қойдық. Көшеде айғайлау, қарқылдап күлу, көрінген жерге қокыс лақтыру, далаға түкіру сынды жағымсыз жайттар көбейді. Құқық бұзушылықтың үлкен-кішісі жоқ. Барлық заңсыздық сағыз шайнап оны лақтырудан, басқа адамдардың еңбегін бағаламаудан басталады. Бізді бала кезімізде «әдепті бала — арлы бала, әдепсіз бала — сорлы бала» деп үйрететін. Анамыз қатты сөйлемсе, үлкендердің көзінше қарқылдап күлме деп бізге тәрбие беретін әңгімелер айтып отыратын. Ата-әжелеріміз бізді мақал-мәтелмен өсірді. Қазір нарықтық заманда ата-әжелердің өзі жұмысбасты. Балаға мақал-мәтел айтып, ертегі айтып отыратын үлкен кісілердің қарасы аз. Баланы балабақша мен мектеп, жоғары оқу орындары тәрбиелеп жатыр. Біз барлығын мемлекеттік орындарға артып қойып, үйде бала тәрбиесімен айналысуға қолымыз тимей жүр. Президентіміз айтқаннан кейін, барлығымыз тәрбиеге бет бұрып, әдептілік мәселесімен айналысуымыз керек. Бұл адамдардың адамгершілігін арттыруға, азаматтығын арттыруға, мәдениеттілігін арттыруға зор ықпалын тигізер еді. Қоғамдық көлікке кірсеңіз жастар жүкті әйелдерге, ақсақалдарға орын бермейді. Бұл да үйдегі тәрбиенің көрінісі.

Балабек САҚТАҒАНОВ:
Балағат сөздерге қазір жауапкершілік артты. Бірақ адамдар ұйықтап тұрғаннан кейін таңертен бірден өзгеріп кетпейді ғой. Азаматтар бұл тәртіпке бірте-бірте үйренеді. Жалпы, адамның мінезін отбасындағы тәрбиесі, білім беру орындарынан алған тәрбиесі әсер етеді. Көп адам боктап сөйлеуді адамның жауапкершілігі емес, «әдеті» деп қабылдайды. Бұл адам үшін де, қоғам үшін де қауіпті. Психологиялық тұрғыда балағат сөз агрессияның алғашқы түрі. Адамдар эмоциясын ұстай алмаса, өзін-өзі басқара алмаса, сөз арқылы, қысым көрсету, қол жұмсау арқылы сыртқа шығарады. Сондықтан балағат сөз айтқан адамның арғы жағында шешілмеген проблемасы бар. Бұл мәселені шешудің әртүрлі жолдары бар. Жазаны күшейткенмен мәселені шешу қиын. Сондықтан заң барлық жерде жұмыс істеуі және барлығына бірдей болуы керек. Бір адам бір сөз үшін жауапқа тартылса, екінші адам қылмыс жасап еркіндікте жүруі мүмкін. Мұндай кезде «қоғамда әділдік орнайды» деген түсінік қалыпташуы мүмкін. Сол себепті қоғамдық ортада балағат сөздерді, дәрекілікті азайтатындай мәдениетті қалыптастыру керек. Коммуникация мәдениетін қалыптастырғаннан кейін, балабақша, мектеп, жоғары оқу орындарында психологиялық пәндерді тереңдетіп оқытып, эмоцияны басқаруды, агрессияны тежеуді, қактығыстарды шешуді үйрету керек.

— Баласының тілі шықсын деп есін білмеген себепі балағат сөз үйрететін ата-аналар да бар. Бұл қаншалықты дұрыс? Жалпы, мектеп қабырғасынан бастап жастарға тәртіп әліпсімен үйрету керек пе?

Мұқаш ЕСКЕНДІРОВ:
Қазір, шынында, қоғамда ойлан-дыратын жағдайлар көбейді. Баласының боктап сөйлегенін, біреуді келемеждеп, дәрекі сөз айтқанын «әзіл» ретінде қабылдап, оны әлеуметтік желіге жариялайтын ата-аналар бар. Бұл — күлетін емес, жылайтын жағдай. Өйткені бала естігенін қайталайды. Егер ата-ананың өзі дәрекі сөйлеуді қалыптастырса, ертең сол бала үлкенге де, кішіге де құрметсіздікпен қарайды. Қазақ «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсін» деп бекер айтаған. Тәрбие — мектептен де, көшеден де емес, ең алдымен, отбасынан басталады. Ата-ананың әрбір сөзі мен қимылы бала санасына із қалдырады. Сондықтан бейдеп сөзді айту тұлғи,

естуге де үйретпеу керек. Себебі тіл — тек қарым-қатынас құралы емес, ол — адам мәдениетінің айнасы.

Қоғамда мұндай мәселелерді жабулы қазан күйінде қалдырмай, ашық айтуымыз керек. Өйткені бала тілінен шыққан әрбір дәрекі сөз — ата-ананың жауапкершілігінен кеткен қате. Президентіміз айтқандай, қоғам болып дәрекілікке тыйым салу — бүгінгі күннің талабы. Бұл тек заңмен емес, ең алдымен, әдеп пен өнегемен, үлгі мен тәрбиемен жүзеге асады. Егер әр отбасы өз үйінде мәдениетті, сабырлы орта қалыптастырса, көшеде айқай мен боктық азаяды.

Динар НҮКЕТАЕВА:
Баласының тілі шыққан кезде қызық көріп, неше түрлі бейдеп сөздерді үйрететін ата-аналар бар. Бұл дұрыс емес. Кішкентай кезінен бастап, дәрекі сөйлеп үйренген бала, есейгенде бұл әдетін тоқтатпайды. Ата-ана осы арқылы баласын кішкентайынан «бәдік» болуға үйретіп жатыр. Бұл ешқандай мәдениет те, әдептілік те емес. Есейген кезде мұндай тәрбие көрген бала бұдан зорғысына барады. Тәрбие басы — тал бесік дейді. Тал бесігінде әдепсіздікті көрген бала өскенде ел тізгінін ұстайтын азамат болатынына сенбеймін.

Ата-аналар аулада балаларының кіммен ойнайтынына, кіммен жора-жолдас болғанына әрдайым қарап отыруы керек. Ал кешке дастарқан басында әр ата-ана баласынан күні бойы не істегенін сұрап, жаман әдеттерден аулақ болуды ескертуі керек. Қоғамдық орындар мен тамақтанатын жерлерде жастар ойына не келсе соны айтып, бойына жараспайтын киім киіп жүреді. Кейінгі кездерде біз сондай дәрекілік көрсеткен жастарға «бұл заңмен реттеледі» деп ескерту айтатын болдық. Сондықтан үлкендер жастарға үнемі естеріне салып, айтып отыруы керек. Кей кездерде жастар ондай ескертуге мән бермей, дүрсе қоя беруі мүмкін. Ал тәртіп бұзған көмелетке толмаған баланың ата-анасын да жауапқа тарту керек деп ойлаймын.

Мысалы, біздің қаз кезімізде үлкендер: «баланды неге сонша еркелетесің? Солай басыңа шығарғаннан ол бала екеу бола ма? Бәдік қылма. Бей-берекеттікке жол берме» деп айтып отыратын. Соңғы кезде үлкендер бұлай ашық айтуға жүрексініп қалған. Себебі жастар батысқа еліктеп, өздері үшін ғана өмір сүруді дұрыс деп санайды. Ал қоғамдағы тәртіпті қалыптастыру үшін заңмен ғана шектелмей, тәрбие институтын да қолға алуымыз керек. Мектептерде, ұжымдарда түрлі іс-шаралар ұйымдастыруымыз керек. Айталық, 2017 жылы Алматыда студенттік универсиада өтті. Менің Ұлттық қыздар университетінің ректоры болып жүрген кезім. Көптеген мемлекеттен студенттер келіп сол универсиадаға қатысты. Концерт болған кезде сол студенттер арттарын жинамай шашып, киімдерін алуға асығып тұрып кетіп қалды. Ешқандай асықпай, отырған жерін тазалап, барлығының артынан қауамай үлкен мәдениетпен тек екі елдің студенті шықты. Мен сол кезде таңалдым. Корей мен жапон халқының мәдениеті біздікіне ұқсас. Олар сол мәдениетті дамытып, әдептілікті, адамгершілікті жоғары деңгейде ұстап отыр. Ал біздің қоғамның ішкі мәдениеті құлдырап кеткен. Сондықтан сол мәдениетке қайта оралуымыз керек. Ең басты мәселе осы. Мемлекет басшысының аландауының себебі де осыда. Өйткені біз әлемдік аренада жұлдызды жанған мемлекетпіз. Ал пауыт елдермен тең дәрежеде келе жатырмыз. Мүмкіндіктеріміз де көп. Сондықтан дандайлақмын, әдепсіздікке бармай, төл мәдениетімізге қайта оралуымыз керек.

Балабек САҚТАҒАНОВ:
Иә, баласын бейдеп сөз үйрету, ең бірінші, ата-ана мәдениетінің төмендігі. Үлкендер өздерінің көңіл күйін көтеру үшін, күлу үшін, біреуді мазақтау мақсатында дәрекі сөздер үйретеді. Ал баланың аналитикалық ойлауы әлі қалыптаспаған. Олар тіпті өздері айтқан сөздердің мағынасын да түсінбейді. Енді тілі шығып келе жатқан балаға боктық айтықсу арқылы, олардың психикасын бұзамыз. Бала айтқан балағат сөзіме басқалар күлді деп жағымды ассоциация қалыптастырады. Бейсаналы тұрғыда бейдеп сөздер адамға жағымды әсер сыйлайды деп ойлайды. Өмірге енді қадм басқан балаға мұндай тәрбие беру — қате. Ағылшын психологы Джон Локк «Баланың санасы таза тақта. Сол тақтаға қандай сөз жазсаң оның болашағы да сондай болады» дейді. Арзан күлкі үшін баланың болашағына балта шаппайық. Бұл ата-ананың психологиялық білімінің жоқтығынан. Ертең бұл әрекеті баланың болашағына кедергі келтіруі мүмкін.

Ал жастардың психикасы нәтижеге емес, процеске жұмыс істейді. Оларға қоғамдық ортада жанжалдасу, сол сөйте қана манызды болады. Төбелестің соңында біреудің жарақат алатынын, өзінің құқық қорғау органдары алдында жауап беретіні туралы ойламайды. Адамның психикасы 20 жастан асқаннан кейін ғана жетіле бастайды. Сол үшін балаларға кез келген сабақ барысында оқытушылар мәдениет, эмоцияны бақылау, жанжалды бейбіт шешуді үйрету керек. Қазіргі білім мазмұны да тәрбиеге бағытталған. Тұлғаның бойындағы мәдениетті заңмен қалыптастыра алмаймыз. Дәрекілікті азайту үшін адамдардың бір-біріне деген мейірімділігін ояту керек. Қазақ «тіл тас жаралды, тас жармаса бас жаралды» дейді. Бүгінгі аға буын жастарға жақсы тәрбие бере алса, ол ата-баба алдындағы аманаттың орындалғаны.

Дайындаған
Көктем ҚАРҚЫН

Еліміздің Әкімшілік-құқық бұзушылық туралы кодексінде қоғамдық орындағы тәртіпсіздіктер анық көрсетіліп, ондай әрекет үшін айыппұл, әкімшілік қамау жазалары беріледі. Бұл заңнама қоғамдық орындағы тәртіпті сақтауды, әлеуметтік жауапкершілікті арттыруға бағытталған. Әйел адамдардың қоғамдық орындарда дәрекілік жасауы психологиялық күйзелістің салдарынан деп ойлаймын.

балағат сөз айтуы — қабылдауға келмейтін жағдай. Бұл — ең алдымен, тәрбиеге, мәдениетке және жауапкершілікке байланысты мәселе.

Қазақта «Тіл — тас жарады, тас жармаса бас жарады» деген сөз бар. Яғни, әрбір айтылған сөздің өз салмағы, өз жауапкершілігі болуы керек. Қоғамдық орында қатқыл сөйлеу, ұрыс-керіс шығару — адамның өзіне ғана емес, ұлтының беделіне де көленке түсіреді. «Сабыр түбі — сары алтын», дейді дана халқымыз. Ал сабыр мен ұстамдылық жоғалған жерде сыйластық та, мәдениет те жоғалады.

Әйел адам — отбасының, ошақ қасының ұйытқысы. «Әйел жақсы болса — ел

өздеріне еркіндік беріп қойған сияқты. Мұндай азаматтар осы ұранмен жүріп, біздің зайырлы, құқықтық мемлекет екенімізді естен шығарып алған. Еліміздің Әкімшілік-құқық бұзушылық туралы кодексінде қоғамдық орындағы тәртіпсіздіктер анық көрсетіліп, ондай әрекет үшін айыппұл, әкімшілік қамау жазалары беріледі. Бұл заңнама қоғамдық орындағы тәртіпті сақтауды, әлеуметтік жауапкершілікті арттыруға бағытталған. Әйел адамдардың қоғамдық орындарда дәрекілік жасауы психологиялық күйзелістің салдарынан деп ойлаймын. Статистикаға қарасаныз, Түркістан, Қарағанды облыстарында психологиялық күйзеліске ұшырау

РУХАНИЯТ

9 ҚАЗАН 2025 | БЕЙСЕНБІ

Кино – көрерменге ой салып, қоғамдағы кей мәселеге қатысты пікірін ортаға тастауына мүмкіндік беретін өнер. Мысалы, «Әмеңгер» фильмі кино-театрлардан көрсетіле бастағаннан бері көрерменнің пікірі екіге қақ жарылып, дәстүрдің бұл түріне қатысты көзқарасын ашық білдіріп жатыр. Бірі ескі салтты дәріптеді десе, енді бірі ұрпақ жалғастығын, бауыр арасындағы аманат пен жауапкершілікті көрді. Әмеңгерлікпен қосылған қайынаға мен келіннің некесі жалған екені, інісінің аманатына қиянат жасамаған ағаның әрекеті көрермен эмоциясын толқындатып отырады. Біз «Әмеңгер» киносының режиссері Мақсат Оспанмен сұхбаттасқан едік. Режиссер бұл картинаны түсіру арқылы қазақы болмыстағы намыс, бауыр арасындағы мейірім сынды ұғымдардың бүгінгі қоғамдағы орнын көрсетуді мақсат еткенін айтады.

— «Әмеңгер» киносындағы кейіпкерлердің өмірде прототипі бар ма?

— Бұл фильмнің идеясы аяқ астынан туған жоқ. Алдымен Kiporak-тың басшысы Алмас Малдыбай бізге түрлі тақырып ұсынып, Tiger Film және Our Media Group компанияларымен бірлесе отырып, ұлттық мазмұндағы, қоғамға ой салатын туынды түсіруді ұсынды. Сол кезде әмеңгер тақырыбы қозғалды. Бұл — терең әрі қоғамда әлі күнге дейін астыртын өмір сүріп келе жатқан құбылыс. Алмас Малдыбайдың осы идеясы шығармашылық топта қызу талқыланып, нәтижесінде фильм түсіруге шешім қабылданды.

Түсірілім жұмыстары Алматы облысы Ұзынағаш өңірінде өтті. Барлығы екі аптаға созылды. Шыны керек, түсірілімге кіріспес бұрын көп ойландық: «Фильмнің атын қалай қоямыз? «Әмеңгер» дейміз бе, әлде «Ағама аманат» дейміз бе?» деген сұрақтар көп талқыланды. Себебі алғашқы трейлер жарық көрген сәттен бастап-ақ әлеуметтік желілерде түрлі пікір мен түсінбеушілік туындай бастады. Бірі «тоқалдықты насихаттап жатыр» десе, енді бірі «дәстүрге тым ескішіл көзқарас» деп сынады. Әрине, бізде де «көрермен қабылдай ма, жоқ па?» деген күмән болды. Бірақ біз тәуекелге бардық. Себебі фильмнің түпкі идеясы — тоқалдықты емес, бауыр арасындағы аманат пен жауапкершілікті, қазақы мейірімділікті көрсету еді. Әмеңгерлік өз дәуірінде жетім-жесірді жылатпау, отбасын, ұрпақ сабақтастығын сақтау жолы болған. Ал оны бүгін қоғам қалай қабылдайды, көрерменге қалдырдық.

Түсірілімнен кейін кинодағы оқиғаның бәрін шынайы өмірде де байқадық. Түркістанда киноның жабық көрсетілімі кезінде көрермен залында бір әйел келіп, бас кейіпкер Индира Құлмағамбетті құшақтап тұрып: «Мен өзімді көргендей болдым. Мен де үш баламмен әмеңгерлік арқылы тұрмысқа шыққам. Қазір бақыттымын», — деді. Сол сәтте біздің фильмнің өмірмен үндескенін, көрермен жүрегіне жеткенін сездік. Сонда бұл қазір де айналамызда «Алтынайдың» бар екенін, әлі де өмір сүріп жатқанын білдіреді.

— Алтынайдың ағасы Бекболат «Қазіргі жігіттер феминизм мен дәстүрдің арасындағы түрмеде қамалып отыр» дейді ашынып.



Мақсат ОСПАН, режиссер:

«ӘМЕҢГЕРДІҢ» МАҚСАТЫ БАСҚА



Бұл сөздің түпкі мағынасын қалай түсіндірер едіңіз?

— Бұл сөз жай ғана диалог емес, бүгінгі қоғамдағы шынайы жағдайдың көрінісі. Бұл ойды автор әдейі өткір формада берді. Себебі фильм сонында күтпеген интрига тудырумен қатар көрерменді терең ойға жетелеу көзделген еді. Яғни, көрерменді соңына дейін шатастырып, Архатты ұмыттыруға тырыстық, өйткені бұл көрерменнің эмоциялық әсерін күшейтудің амалы. Қазак бұрыннан ел-жұрттың сөзінен, өсек-аяннан қорқатын халық емес пе? Жаңағы ойдың астары тікелей екі ағаның да отбасы алдындағы намысын үнсіз түсіндірмек. Бұл бір жағынан ұлт болмысындағы ең нәзік әрі күрделі тұстардың бірі. Фильмде ағасының ашуы да осы түпкі сезімнен туады. Ол — бауырын жамандықтан қорғағысы келетін, әулеттің абыройын сақтағысы келетін ағаның ішкі күйзелісі. Сол арқылы біз казак отбасындағы намыс, бауырмалдық және «ұят» ұғымының адам тағдырына қалай әсер ететінін көрсеткіміз келді.

— Киноның сонында көрермен күтпеген интригаға тап болды. Сонда екі жұптың қайта қосылуы дәстүрлі хэппиэндпен аяқталуын білдіре ме?



— Қазіргі көрерменнің талғамы өскен, көпшілігі кинодағы оқиғаның өрбуін алдын ала сезіп, тіпті соны қалай аяқталатынын болжай алады. Ал шетел кинолары көбіне тосын бұрылыстармен, күтпеген шешіммен көрерменді таңғалдырып отырады. «Әмеңгер» фильмі де дәл осындай тәсілмен көрерменін елең еткізді. Киноны тамашалағандардың көбі оқиғаның қалай аяқталатынын өз ойынша елестетіп отырды. Бірақ соңғы сәтте бәрі күтпеген бағытқа бұрылып, көрерменнің ішкі сенімін бұзады. Фильм бойы драма мен психологиялық шиеленіс қатар өрбіп, соңында бәрі күтпеген шешімге ұласады.

— Фильмде маскулизмнің проблемасын меңзеу бар. Бекболат пен Жанат арқылы «аға» болудың қиындығы, ер адамның ішкі күйзелісі көрсетілді. Бұл әсіре феминизмге деген фильм арқылы көрсетілген ішкі протест емес пе?

— Шыны керек, түсірілім барысында аға мен қарындас, аға мен іні арасындағы қарым-қатынас ерекше үйлесім тапты. Себебі екі ағайынды кейіпкердің де бойында өзінен кейінгі бауырларына деген шынайы мейірім мен жауапкершілік бар еді. Бұл шынайылық экранда да көрініс тапты.

Бекболаттың бейнесін көрермен тым катал деп қабылдауы мүмкін. Бірақ бұл — режиссерлік әрі шығармашылық топтың саналы шешімі. Өйткені ата-ананың орнын басқан ағаның жұмсақ болуға қақысы жоқ. Ол — тәртіптің, жауапкершіліктің, тіпті кейде каталдықтың символы. Ал Жанаттың образы арқылы біз мүлде басқа қырды, кең пейілді, мәрт, бауырмал ағаның бейнесін көрсеткіміз келді. Осы екі кейіпкердің қарама-қарсы мінезі арқылы біз қазақы

Қазіргі көрерменнің талғамы өскен, көпшілігі кинодағы оқиғаның өрбуін алдын ала сезіп, тіпті соңы қалай аяқталатынын болжай алады. Ал шетел кинолары көбіне тосын бұрылыстармен, күтпеген шешіммен көрерменді таңғалдырып отырады. «Әмеңгер» фильмі де дәл осындай тәсілмен көрерменін елең еткізді.

отбасындағы ағалық борыш пен бауыр арасындағы байланыс, сүйіспеншілік пен сабыр сияқты құндылықтарды көрерменге жеткізуді мақсат еттік.

— Қазір көрермен пікірі екіге бөлінген. Киноға не үшін сын айтылып жатыр деп ойлайсыз?

— Киноны экранға шығармай тұрып-ақ, біз оның қоғамда түрлі пікір туғызарын, тіпті кей тұстарда талас тудыарын іштей білдік. Дегенмен тәуекелге баруға бел будық. Себебі біздің мақсат — тек көрерменді таңғалдыру емес, бұрыннан қалыптасқан салт-дәстүрімізді бүгінгі қоғам қалай қабылдай екен деген сұрақты қойып көру еді. Сонымен бірге әлемдік киноиндустриядағы батыл тәсілдерден де алшақ кеткен жокпыз. Мысалы, шетелдік фильмдерде кейіпкерді жер астында көміп, бірнеше сағат бойы түсіретін көріністер бар — бұл сценарийдің күші мен актердің шеберлігін сынайтын ерекше тәсіл.

— «Әмеңгер» кинотеатрларда көрсетіле бастағаннан тура 1 апта өткен соң «Жұмбақ қыз» киносы да көрерменге ұсынылды. Сонда екі жобаны қатар алып жүрдіңіз бе? Алда тағы қандай жоспарларыңыз бар?

— «Әмеңгер» фильмінен кейін араға көп уақыт салмай, «Жұмбақ қыз» атты жаңа туындыны түсіруге кірістік. Бұл — 5-студия TV PRODUCTION директоры Толқын Сейдоллақызының продюсерлігімен жарық көрген романтикалық комедия. Әуелде екі фильмнің шығу мерзімі бір-біріне кедергі келтіріп, көрерменнің назарын бөліп жібере ме деп аландағанбыз. Алайда керісінше, екі картина да өз көрерменін тауып, жақсы қаралым мен табыс жинады. Романтикалық комедия жанры — өзіме ерекше жақын бағыт. Менің фильмдерімнің көбінде ауыл өмірі, ауылдың адамдары мен олардың қарапайым, бірақ шынайы болмысы бейнеленеді. Сондықтан қандай кино түсірсем де ауылдың тыныс-тіршілігі, адамдарының мінезі, ұлттық болмысымыз жиі көрініс табады.

Қазір Tiger Film және Our Media Group компанияларымен бірлесе отырып, жаңа «План Ш» атты комедиялық фильмді дайындадық. Бұл туынды жақын күндері «Аватар» фильмімен қатар көрерменге жол

тартпақ. Картинада казак сахна өнерінің майталмандары Ұәлибек Әбдірайымов, Жүсіп Ақшора, Бауыржан Ибрагимов, Дәурен Жұмәділов, Берік Тұрсынбеков сынды танымал театр актерлері ойнайды. «План Ш» — отбасылық құндылықтар мен ер мен әйел арасындағы қарым-қатынастарды әзіл мен өмір шындығын шебер ұштастыра отырып бейнелейтін картина. Сол себепті бұл фильмнің де көрермен жүрегінен орын алары сөзсіз.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Өмірді айналу – кино әлемінің кілті. Бұл құралдың пайдаланылуы көрермендердің жүрегіне жақын тақырыпты, мәселені қозғауға бірден-бір себеп. Зака Абдрахманованың «Әкем сенбіде қайтыс болды» («Папа умер в субботу») атты туындысы дәл осы тетікті басып, драма жанрында бір әулеттің ортақ жарасын ортаға салады. Отбасылық пен жеке тұлғалық қақтығыстарды бейнелеген бұл бейне аудиторияға әсер етпей қоймайды. Айта кетсек, Зака Абдрахманованың фильмі 2024 жылы II «Маяк» фестивалінде «Үздік дебют» жүлдесін, «Белый слон» атты ресейлік кинотанушылар, киносыншылар мен киножурналистер премиясында «Үздік толықметражды дебют» аталымын жеңіп алды. Оған қоса, фильм 22-31 тамыз аралығында өткен II Qyzqaras Film Festival бағдарламасында көрсетілді.



санасында өшпес із қалдырған. Дегенмен үйге жиналғандар марқұмды «қаһарман» ретінде еске алып отыр. Осылайша, экранда өткеннің кесірін қабылдау хикаясы басталады.

Фильм деректі стилистикада құрылған. Осының арқасында эмпатия тудыру мүмкіндігі абсолюттікке жеткізілген. Камера көркемдікті байытатын бұрыш іздеместен бұрын кейіпкердің жанын оятатын сәттерді кадрға алу үшін пайдаланылған. Зака Абдрахманованың осыған дейінгі «Жаным», «Мерейтойлық жыл» деген сияқты деректі фильмдерін еске алсақ, қолтаңбасының айрықша екенін байқау қиынға соқпайды. Кадрлар симметриялық композиция түрінде

құрылған. Диалог барысында екі субъект орта планда алынса, кейіпкердің ішкі қажығысының көрсетілуі үшбұрыш принципі арқылы іске асады. Мысалға дерлік, Айканың құшақтай амандасып жатқан сахнасын талқыға алсақ. Кадрда басқа субъектілер де болғанымен, ортаға басты кейіпкер мен оның эмоциясы алынған. Және де далада үстел басында отырған сахнадан да дәл осы принцип байқалады. Үстел үшбұрышты құрса, субъект сол фигураның төбесінде орналасқан. Екі сәтте де ішкі тоқырау сезімі ұштасқан.

Жалпы айтқанда, режиссердің кеңістігінде әркімнің реніші мен қайғысына орын бар. Ауылдың тұрмысын қайтадан

кешу — Айканы келесі күнді жаңа беттен бастауға итермелеген жайт. Десек те, қосалқы сюжет желілері мен екінші пландағы кейіпкерлер басты оқиғаны дамытып қана қоймай, жетіспеген пазл бөлшектерін толықтырады. Марқұмның үш әйелі, балалары, ағайындылары мен әке-шешесі бір-бірін түсіне алудан алшақ көрінеді. Тілдің ұшында тұра алмаған сөздер оқтай тиіп жатыр. Алайда ақыр аяғында айығуға көмектескен де өздері болып шықты.

Бұл кезекте әйел кейіпкердің есею бейнесінің онтайландырып көрсетілгенін атап өтпеуге болмас. Жастық ерекшеліктерге де байланысты аталмыш үрдісті бейнелеген кейіпкерлер ретінде Айка мен Куканы алуға болады. Айка ересек жаста жанадан тыныс алып үйренеді. Ауыр жүк болып қалған балалық психикалық жарақат пен жарымен ажырасуы оны бір нүктеден жібермегендей. Отбасымен өткізген қыстық мезгіл сол жүкті жеңілдететүсті. Ал Кукаға келсек, ол жасөспірімдік максимализм мен жақын адамды жоғалтып алу тұлғаның қалыптасуына қалай әсер ететінін көрсетеді. Біріне әке жылулығы жетіспесе, екіншісіне әкесімен уақыт жетіспеді. Сөз арасында акцент қойылған «Мен — қаһарманмын» делінген тіркес эмоцияларды қолға алудан бөлек, әпкеден сіңіліне берілген сабақпен теңдес. Айналадағы адамдарды түбегейлі өзгерту мүмкін емес. Бірақ керек сәтте керек сөздерді табу мен арқау болу —

саналы таңдаудың көрінісі. Сондықтан «Әкем сенбіде қайтыс болды» фильмі соңғы жылдардағы әйел бейнесін алға шығару тенденциясына үйлесе кетеді.

Онымен қатар аталмыш туынды да дәстүрлердің адам қолында қалайша бұрмаланатынын назарға алынған. Жерлеу рәсімі мен қоштасуға жиналған туған-туыстардың фальштан құралғаны көрсетіледі. Дегенмен режиссер сынауды емес, толғанысқа орын береді. Қисынсыздықтан тұратын тіршіліктің ақиқаты осындай. Қателіктер мен жалғандық басым. Сол себепті де бұл фильмде белгілі бір дәрежеде жауапты адамдарды іздеуге негіз қойылмаған. Тек кезекті өтпелі кезеңнің бар келбетін ашуды мақсат тұтқан деуге келеді. Айканың әкесі беріп кеткен ойыншығын өзімен ала кетуі кешіріммен қатар жылдар бойы іздеген сүйіспеншілік пен мейірімін таба алғанының символы. Қалай дегенмен де, дүниедегі алғашқы күндеріміз бен соңғы күндеріміз бізге белгісіз. Қолымызда тек қазіргі уақыт бар.

Сөздің тоқтаты, «Әкем сенбіде қайтыс болды» фильмі идеяның өзектілігі мен ұсыну тәсілі ықпалымен көркемдік құндылығын айқындайды деуге болады. Нәтижесінде, туынды өмірдің қисынсыздығына, адамдардың жалғандығы мен уақыттың өткіншілігіне көз жеткізеді. Бірақ сонымен қатар оның түпкі мәнінде жарық іздей отырып, мейірімге орын қалдыру жатыр. Сондықтан бұл фильмді қарау — тек бір отбасының қасіретіне куә болу емес, өзіміздің ішкі әлемімізді де қайта шолып шығу.

Әзиза ҚУАНДЫҚ,
Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰОА
3-курс студенті

АЙМАҚ

ТШО ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚАМТУДЫ ДАМУДА РЕКОРД ЖАҢАРТТЫ: САТЫП АЛУДЫҢ 71 ПАЙЫЗЫ ОТАНДЫҚ ЖЕТКІЗУШІЛЕРГЕ ТИЕСІЛІ



2 қазан күні Астанада өткен XVI Еуразиялық KAZENERGY форумы аясында форумның бас демеушісі болған «Тенішевройл» ЖШС (ТШО) компаниясы казакстандық камтуды дамыту бойынша жана нәтижелерін ұсынды.

Форумда сөз сөйлеген ТШО Бас директорының орынбасары Көңіл-кош Сүйесінов компанияның ел экономикасындағы үлесін арттыру бағытындағы жүйелі жұмысы туралы баяндады.

51,4 млрд АҚШ доллары — Қазақстан экономикасына

Көңілкош Сүйесіновтің айтуынша, казакстандық камтуды дамыту ТШО үшін стратегиялық басымдық болып қала береді. Компания құрылған сәттен бері ел ішіндегі тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуға 51,4 млрд АҚШ доллары жұмсалған. Бұл инвестициялар тек Атырау облысымен шектелмей, Қазақстанның басқа өңірлеріне де оң әсер етіп, жергілікті бизнестің өсуіне және жана жұмыс орындарының ашылуына ықпал етті.

«Биыл біз жана рекорд орнаттық — ТШО сатып алуларының 71 пайызы казакстандық камтуға тиесілі. Бұл — жергілікті өндірушілермен белсенді өріптестіктің нәтижесі», — деді Көңілкош Сүйесінов.

Бес жылдық даму бағдарламасы

Қазақстандық камту үлесін одан әрі арттыру мақсатында ТШО 2024 жылы Энергетика министрлігімен бірлесе отырып, елішілік құндылықты дамыту бағдарламасын қабылдады. Бұл құжат — отандық компаниялардың жеткізу тізбегіндегі орнын нығайтуға бағытталған «Жол картасы».

Бағдарламаның мақсаты — жергілікті өндірушілердің әлеуеті мен халықаралық стандарттар арасындағы алшақтықты қысқарту, әсіресе қауіпсіздік пен сапа талаптары бойынша үйлестіру.

Бағдарлама келесі негізгі бағыттарды қамтиды:

- мұнай-газ машина жасау саласын дамыту;
- сервистік қызметтерді жаңғырту;
- цифрлық технологиялар мен IT-шешімдерді енгізу.

Арнайы көңіл қызметкерлерді оқыту мен біліктілігін арттыруға, сондай-ақ өндірістік қуаттарды жаңғыртуға бөлінген. Осылайша, ТШО казакстандық компаниялардан сатып алулар көлемін ұлғайтып қана қоймай, оларды халықаралық деңгейге шығуға ынталандырады.

Көңілкош Сүйесінов атап өткендей, 2024 жылы отандық өндірушілерден тауар сатып алу үлесі 9 пайызға жетіп, ТШО осы көрсеткіш бойынша мұнай-газ секторы операторлары арасында көш бастап тұр.

Өндірушілерді қолдау және жана ережелер

ТШО Мұнай-газ машина жасау халықаралық орталығымен (IMB орталығы) серіктестікте жұмыс жүргізіп келеді. Бірлескен жұмыс нәтижесінде 12 тауар тобы айқындалып, техникалық қызмет көрсету мен жеке қорғаныс құралдары бойынша ұзақ мерзімді келісімшарттар жасалды.

Компания казакстандық құрамды қолдаудың жана икемді тетіктерін енгізді:

- тең жағдайларда баға айырмашылығын отандық өндірушілердің пайдасына қарастыру;
- сынақ (пилоттық) тапсырыстарды орналастыру;
- жергілікті тендерлер өткізу;
- казакстандық жеткізушілер үшін төлем мерзімдерін қысқарту.

Сонымен қатар жаңартылған рәсімдер жеткізушілерге банк кепілдіктерін казакстандық екінші деңгейлі банктерден де ұсынуға мүмкіндік береді.

2024 жылдан бастап ТШО-ның ресми тізіміне 16 казакстандық компания енгізілді — барлығы да компанияның жоғары стандарттарына сәйкес келген жеткізушілер.



Модульдік қосалқы станциялар — табысты серіктестік үлгісі

Табысты мысал ретінде PSI Energy және QMOZ компанияларының бірлесіп жасаған жобасы — Қазақстанда екі модульдік қосалқы станцияның салынуы келтірілді.

38 метрлік екі қабатты ғимарат Теніз кен орнында пайдалануға берілетін еліміздегі ең ірі модульдік станция болып табылады. Құрастыру жұмыстарына 800 мыңнан астам адам-сағат жұмсалып, бірде-бір өндірістік жарақат тіркелмеген. Бірінші модуль Теніз кен орнында орнатылды, екіншісі қазан айының соңына дейін іске қосылады.

«Бұл жоба — отандық компаниялардың әлемдік деңгейдегі күрделі техникалық шешімдерді сәтті жүзеге асыра алатынының айқын дәлелі», — деді Көңілкош Сүйесінов.

Болашаққа бағдар

Қорытындылай келе, ТШО Бас директорының орынбасары Көңіл-кош Сүйесінов компанияның казакстандық құрамды дамытудағы ұстанымын тағы бір рет растады:

«Біз мемлекетпен және салалық серіктестермен өзара тиімді ынтымақтастықты жалғастырамыз.

Мақсатымыз — казакстандық компаниялар нарықта берік орнығып, әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті болуына қолдау көрсету. Бұл — біздің ортақ мақсатымыз».

ДАМУ

МАҚТА ӨНДІРІСІ МОЛАЯ ТҮСТІ

Түркістан облысы – еліміздегі ауыл шаруашылығының берекелі мекені, күннің нұры мен жердің құнарын біріктірген қасиетті өңір. Бұл аймақтың басты байлығы – мақта. Қазақ даласында «ақ алтын» аталған бұл дақыл ғасырлар бойы халықтың тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланысып, экономиканың өзегіне айналған. Бүгінде Түркістан облысы Қазақстандағы жалғыз мақта өсіретін өңір ретінде елдің жеңіл өнеркәсібі мен экспорттық әлеуетін арттыруда шешуші рөл атқарып отыр. Отырар, Мақтаарал, Жетісай ауданының кең даласында жыл сайын 100 мыңдаған гектар жерге мақта егілуде. Бұл – мыңдаған отбасының табыс көзі, ауылдың әлеуметтік өмірінің тірегі.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Түркістан облысы



«Біз мақтаны тек шикізат күйінде емес, дайын өнімге айналдырып, өзіміздің тоқыма өнеркәсібімізді дамыту бағытында жұмыс істеудеміз. Осы бағытта өңірімізде 5 мақта-тоқыма кластерін құру жұмыстары жүргізілуде. Жобалардың өңдеу қуаттылығы жылына 193 мың тоннаны құрайды. Нәтижесінде, 7 мыңнан астам жұмыс орны ашылады. Бүгін мақта тоқыма кластері бойынша алғашқы жобаның нақты жүзеге асырылуының куәсі болып отырмыз. Инвестициялық жобаның негізінде Отырар ауданы мен Арыс қаласында 32 мың гектарға жана технологиямен мақта дақылды егілді. Жобаның негізгі мақсаты — су үнемдеу технологиясын енгізу нәтижесінде тұтынылатын су көлемін 50 пайызға үнемдеу арқылы өнімділікті 2-3 есеге арттыру. Қазіргі жаһандық су тапшылығы жағдайында бұл өте маңызды әрі дұрыс шешім», — делі өңір басшысы.

Ауыл шаруашылығын жана деңгейге көтеру міндеті Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы Жолдауының маңызды бағыты болып саналады. Агроөнеркәсіптің әлеуетін арттыруға бағытталған озық агроэкономикаға көшудің жоспары қабылданатын болады. Үздік агрокәсіпорындар ауыл шаруашылығы өнімін шығарудан бастап, оны терең өңдеуге дейін тұтас өндірісті толығымен жолға қойғаны айтылып, осындай агрохолдингтердің тәжірибесін тарату үшін барынша жағдай жасау міндеттелді.

«Түркістан — мақта агроөнеркәсіптік кешені» — осы мазмұндағы негізгі агрокәсіпорын саналады. Мұнда мақтаны терең өңдеп, дайын өнімді экспортқа шығаратын көпсалалы холдингтің негізі қаланған. Шетелдік инвесторлардың қатысуымен жүзеге асып жатқан бұл жоба мақта шаруашылығын мүлде жана деңгейге шығарды. Толық циклді өндіріс орны мақтаның элиталық сұрыптарын баптап-өсіріп, мақта талшығын терең өңдейтін, жіп иретін, мата шығаратын, бояп, өңдейтін цехтарды біріктіріп, мақта-тоқыма кластерінің біртұтас жүйесін құрайтын болады.

Кешен «Түркістан» ӘКК» АҚ-мен бірлесе 32 мың гектарға жана технологиямен мақта өсіру жобасын іске асырып отыр. Мұнда заманауи су үнемдеу технологияларын қолдана отырып, жоғары стандартты шикізат базасын қалыптастыру қолға алынды. Кешенде соңғы үлгідегі мақта өңдеу зауыттары, тамшылатып суару тоспаларын шығаратын өндіріс орны және басқа да инфрақұрылымдық нысандар салынуда. Кәсіпорында сондай-ақ әкімшілік ғимарат, шаруашылық базасы, сорғы стансалары жұмыс жүргізетін болады. Жоба аясында қуаттылығы жылына 160 мың тонналық заманауи мақта өңдеу зауытын іске қосу, сондай-ақ 6 мың тонна мақта тұқымын шығаратын өндірістік желісін құру көзделген. Оның ішінде, биыл 2 зауыт іске қосылса, келесі жылы тағы 2 зауытты ашу жоспарланып отыр. Фестивальға қатысушылар мақта алқабына түсіп, ақ алтынды теру науқанына қатысты.

Биыл Түркістан облысының мақта дақылын 144,5 мың гектарға мақта дақылын екті. Дикандарымыз жалпы 470 мың тонна шитті мақта жинайды деген жоспар бар. Өнімділікті арттыруда жана шетелдік озық технологияларды енгізуге басымдық беріліп отыр. Былтыр мақтаның дәстүрлі егіс көлемі 105,2 мың гектар болып, озық технология едісі қолданылған егістің көлемі небәрі 1,2 мың гектарға жеткен болатын. Биыл озық технологиялы егіс едісі 50 мың гектарға дейін ұлғайды. Қазір Түркістан облысы бойынша 25 мақта зауыты, 175 мақта қабылдау бекеті шаруаларға қызмет көрсетеді.

Бұл мереке еңбек адамына деген құрметті білдіріп, ауыл тіршілігінің қалпын айшықтайтын, ел қазынасын толтырған барлық шаруаға алғыс жауған күн болды. Заманауи технология мен еңбектің тоғысуы Түркістанды Қазақстанның ғана емес, Орталық Азияның мақта орталығына айналдыруда.

ТЫНЫС

Қазір Қазақстан қоғамы үшін отбасылық құндылықтарды сақтау мен салауатты ұрпақ тәрбиелеу мәселесі ерекше маңызға ие. Ел Президентінің тапсырмасына сәйкес, мемлекеттің демографиялық саясатының өзегінде аналардың денсаулығын қорғау, бала тууға қолайлы жағдай жасау және жүктілікті ғылыми тұрғыдан жоспарлау мәдениетін қалыптастыру міндеті тұр.

БАЙЫПТЫ ӨМІР БАҚЫТҚА ЖЕТЕЛЕЙДІ

Осы мақсатта 2025 жылғы 20 маусымда Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның отырысында маңызды шешім қабылданды. Онда жүктілікті жоспарлау мен репродуктивті денсаулықты сақтау бағытында жана профилактикалық стратегия әзірлеу көзделді. Бұл бастама — елдегі отбасылық-демографиялық ахуалды нығайтуға, жастар арасында ерте жүктіліктің, жоспарланбаған босану мен жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың алдын алуға бағытталған маңызды қадам.

Ұлттық комиссия шешімін жүзеге асыру мақсатында еліміздің барлық өңірінде ақпараттық-түсіндіру шаралары өткізіліп келеді. Осындай игі шаралардың бірі Шымкент қаласында ұйымдастырылды. Мұнда Шымкент қаласы мен Түркістан облысының медициналық мекемелерінен келген 35 координатордың қатысуымен үш күндік семинар-тренинг өтті. Семинардың басты мақсаты — жүктілікті жоспарлау мәдениетін дамыту, болашақ ата-аналарды репродуктивті денсаулыққа жауапкершілікпен қарауға үйрету және медициналық қызметкерлердің тәжірибесін жетілдіру.

Аталған іс-шара Президент жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның қолдауымен өтті. Жиын барысында комиссия мүшесі Галина Гребенникова сөз алып, қазір репродуктивті денсаулықты сақтау Денсаулық сақтау министрлігінің басым бағыттарының бірі екенін атап өтті.

«Әрбір әйел мен ер адам өз денсаулығын мыназын сезінуі керек. Жүктілікті жоспарлау отбасы бақытының, ананың амандығы мен баланың саулығының кепілі. Бұл — мемлекеттің де, қоғамның да ортақ міндеті», — деді ол.

Сарапшылардың мәліметінше, Қазақстанда жыл сайын шамамен 400 мың жүктілік тіркеледі, алайда оның үштен бірі жоспарланбаған. Бұл — әлеуметтік және медициналық тұрғыдан алаңдататын көрсеткіш. Әсіресе, онтүстік өңірлерде, оның ішінде Түркістан облысы мен Шымкент қаласында жүктілікті заманауи әдістермен жоспарлау деңгейі республикалық орташа көрсеткіштен төмен, яғни 36-38 пайыз шамасында. Бұл жағдай халық арасында

ақпараттық-түсіндіру жұмысын күшейтуді және медициналық қызмет сапасын арттыруды қажет етеді. Мамандардың айтуынша, жоспарланбаған жүктіліктің салдары аналардың денсаулығына қатер төндіреді, әлеуметтік қиындықтарға жол ашады және жасөспірімдер арасындағы ерте жүктілік мәселесін ушықтырады. Сондықтан бұл бағыттағы алдын алу жұмыстары ұлттық деңгейдегі стратегиялық міндетке айналып отыр.

Семинар барысында қатысушыларға репродуктивті денсаулықты сақтау, контрацепцияның заманауи түрлерін қолдану, жыныстық тәрбиенің мәдени аспектілері сияқты тақырыптарда дәрістер мен практикалық сабақтар өткізілді. Халықаралық сарапшылар мен отандық мамандар Еуропа елдерінің тәжірибесін, сондай-ақ Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсынымдарын таныстырды. Медициналық мекемелердің координаторлары өз тәжірибесінде тиімді коммуникация әдістерін, жастармен жұмыс жүргізудің жана формаларын және ата-аналармен ашық диалог орнатудың тәсілдерін менгерді. Жүктілікті жоспарлау — тек медициналық мәселе емес, ол отбасылық мәдениет пен ұлттық санаға тікелей байланысты.

Қазір мемлекет тарапынан ана мен баланы қорғау, бала тууға қолайлы жағдай жасау, психологиялық және әлеуметтік қолдау көрсету бағытында жүйелі шаралар қабылдануда. Осындай кешенді жұмыстардың нәтижесінде болашақта қазақ отбасыларының өмір сапасы артып, аналар денсаулығы жақсарып, дүниеге келетін ұрпақтың өмірлік әлеуеті жоғарылайды. Жүктілікті жоспарлау мәдениетін қалыптастыру ұлттың болашағына салынған инвестиция. Бұл бағыттағы әрбір семинар, әрбір түсіндіру жұмысы — бір ананың амандығына, бір баланың саулығына қосылған үлес.

Шымкентте өткен бұл семинар — тек аймақтық шара емес, ол қоғамның репродуктивті жауапкершілігін арттыруға, отбасылық құндылықтарды дәріптеуге, және ең бастысы, салауатты ұлт қалыптастыруға бағытталған игі бастама болып отыр.

Н.НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы



Жақында Қызыл-Ордадағы жаңа стадионда «Тобыл» мен «Ордабасы» Қазақстан кубогын сарапқа салды. Нәтижесінде, Қостанайдан келген клуб үшінші мәрте ел кубогын арқалап қайтты. Бірақ жанкүйерлердің «Тобыл» емес, «Тобол» деп ұрандатқаны, басшылығының осыған назар аудармай отырғаны алаңдатады. Оған қоса, «Жетісудың» да әлеуметтік желіде ресми аккаунты «Жетысу» деп тұр. «Қызыл-жарды» «Кызыл-Жар» деп бөлек жазатындар жетерлік. Тілдің түйткілі спорттағы ахуалдан да көрініп тұр.

Айзат АЙДАРҚЫЗЫ

РЕБРЕНДИНГ ЖАСАУҒА НЕ КЕДЕРГІ?

Қостанай жұрты «Тобылдың» әуелден-ак орысша атаумен құрылғанын алғатартуы мүмкін. Тарихқа үнілсек, өңірден «Химик», «Торпедо», «Автомобилист», «Энергетик», «Кустанаец» клубтары шыққан. Баксак, бұл аймақ қазақша атауға сараң секілді. Өйткені аталған мәселе біраздан бері көтеріліп жүрсе де, команда атауындағы «о-ны» «ы-ға» ауыстыру мұн. Әлеуметтік желідегі атауы да, ресми іс-қағазға да «Тобол» деп жазылды. Көп жылдан бері өлкенін де, сондағы басшылықтың да БАҚ-тың айтқанын елемей жүргеніне клубтың басы-қасындағылардың орысша шүділрлейтіні себеп пе? Өйткені атактыы спорт журналисі Дүрәлі Дүйсебай көзі тірісінде «Тобылға» арнап бірнеше макала жазған. Алдымен, «Егемен Қазақстанға» (09.04.04), одан кейін «Ана тіліне» (19.03.09) шығарған. Беріде белгілі футбол комментаторы Ермұхамед Мәулен көгілдір экраннан да, әлеуметтік желіден де айтып жүр. Көргеніңіздей, акциясының жартысы жергілікті облыс әкімдігіне, жартысы бизнесмен Әлімжан Қалдиярға тиесілі.

«ТОБЫЛҒА»



«Клубтардың заң жүзіндегі атауы – «Тобол», «Жетысу». Кезінде солай жазылып кеткен. Қазақстанда қазақша шрифті жоқтай өмір сүрген кезіміз болды. «Иртыш» деп айтып, жазып жүрді. Кейін латын қарпімен Етіс деп өзгертті. Бірақ соны «Ертис» деп оқытындар әлі бар. «Тобылдың» «Тобол» болып қалғаны қалған. Атауындағы «о» әрпіні «ы-ға» өзгертейік дегенді айттық. Бір әріпті өзгерту үшін көп нәрсені өзгерту керек болды. Ауыстырған күнде де жанкүйерлер «Тобол», «Тобол» деуін тоқтатпайды, көресіздер. Кейде клуб банкрот болып, жабылса, оның орнына қазақша атауы бар команда пайда болса дейсін», – деді футбол сарапшысы Ермұхамед Мәулен. Айтқандай, біз «Тобылдың» да, «Жетісудың» да баспасөз қызметімен байланысқа шықтық. Талдықорғандағы клуб өкілі «Қай жерде қазақша жазылмай жүр?» деген сұрақпен шектелді. Бірақ әлеуметтік желідегі көзге түрпідей тиетін «Жетысу» сөзін «Жетісуға» өзгерткен жоқ. Оған қоса, профильдегі мәлімет те орысша жазылған.

«Ребрендинг жасау үшін басшылықтың шешімі керек. Негізі, ешқандай кедергі жоқ. Жанкүйер мен БАҚ «Тобол» атауын «Тобылға» ауыстыру керегін айтып, үнін басшылыққа естірткені жөн. Оған қоса, бір кездері жанкүйерлердің «Тобол» атауы қала берсін дегені бар. Сондықтан қолдаушылар арасында екіұдай пікір жүр. Облыс басшысы да осы мәселені назарға алса жақсы болар еді», –

ТІЛ КЕЛМЕЙ ЖҮР...

дейді «Тобыл» клубының медиа-офицері Қасқырбай Қойшыманов. Байқағаныңыздай, ребрендинг жасау қиын емес. Әрине, біраз қаржы жұмсалатыны анық. Патент бойынша мемлекеттік баж салығын төлейді. Клуб жейдесі, атрибуткасындағы атау өзгереді.

ЖАНКҮЙЕРГЕ «ЖАҢЫЛТПАШ» ЖАТТАТПАЙЫҚ

Threads желісінде «Тобылға» қатысты мәселе көтерілгеніне көп болды. Жанкүйер қазақ футболының қазақша сөйлегенін қалайды. Әсіресе, жақында өткен Кубок финалынан кейін «Тобылға» болысқан кішкентай балалардың



ФК ЖЕТИСУ | JETISU FK

5 581 публикации

18,3 тыс. подписчики

198 подписки

Спортивная команда

Официальный аккаунт ФК «Жетысу»

Сотрудничество: @underdogkz

Партнер: @arzu_water_kz

Партнер: @1xbet_kz

www.fk-jetisu.kz

jetisufk

«Тобол» деп айқайлап тұрғаны құлағына түрпідей тиетіні рас. Осылайша, кішкентай қолдаушының санасына орысша атау сіңіп жатыр. Телефон баптауын қай тілде қойғаныңыз сияқты, баланы да әу бастан қалай ікемдегеніңіз рөл ойнайды. Мәселен, «Жайдарман» тәрбиеленген ұрпаққа Тобыл өзеніндегі ел жайын айтсаңыз, бірден «Қостанай – астық өлкесі» әні есіне түседі. Ал қазір қазақ футболына қолдау көбейіп, атағы аспандап жатқанда ұрымтал тұсты пайдаланған жөн. Бұған облыс әкімдігі не дер екен?

Айтпақшы, «Тобыл» клубының дүкенінде де балалар мен ересектерге арналған жейдеде, бүржейдеде Tобol деп тұр. Содан ұраны да, әні де орысша сөйлеп тұрғандай елестейді. Әйтпесе, «Қайраттың» Чемпиондар лигасына шыққаны туралы сүйіншілегеннің арасында «Тобылдың» жазбасы ерекше. Сондықтан бұл парадокс орысша тәрбиеленген ата-ана қазақша сөйлейтін баласын орыс сыныбына апарғандай әсер қалдырады екен.

Одан бөлек, неге орыстілді басылым клуб атауын қазақша жазуға бейімдел-

меске? Мәселен, «Литер» газеті адамның аты-жөніндегі қазақша қаріпті сол күйінде қалдырады. Сонда «Женис», «Қызыл-Жар», «Елимай» деп жазбас едік. Өйткені ағылшынша атаудың денін сол тілде жазамыз.

«Атаулы сөздерді – қала, ауыл, мекеме, спорт командаларының атауын қазақ транскрипциясымен жазуды қолға алу керек. Жанкүйердің басым бөлігі – балалар мен жастар. Олар сүйікті команда-сының атауын жаттап өседі. Қазақ тілінде жаттаса, сол күйі есте қалады. Бұл – тілді үйретудің де бір онтайлы тетігі. Өз елімізде отырып, өзге елдің атау сөздерін сол тілде жазамыз да, өз атауымызға келгенде сырғактай жөнелеміз. Ондай жағдайда мемлекеттік тілді кім сыйлайды, қазақ тілін қалай өркендетеміз? Келер ұрпақты екіұдай ойла қалдырмас үшін, оларды шатастырмас үшін мәселені ұлттық деңгейде шешетін кез келді», – деген екен марқұм Дүрәлі Дүйсебай Alador-тағы жазбасында.

Арада бірнеше жылдар өтсе де, осы мәселенің түйіні тарқамай отырғаны бізді алаңдатады. Бұл кемшілік бәріне ортақ екені көрініп отыр: облыс басшылығы да, клуб иесі де, берідегі жанкүйерлер де «о-ны», «ы-ға» алмастырғысы келмейтіні байқалады.

ЕЛ ҚҰРАМАСЫ КӨШ БАСТАДЫ

Су спорты түрлерінен өтіп жатқан Азия чемпионаты аясында әртістік жүзу сайыстары мәресіне жетті.

Қазақстан құрамасы Үндістандағы чемпионатты 11 медальмен аяқтады. Ұлттық құрама қоржынында жеті алтын, екі күміс және екі қола жүлде бар. Бұл нәтиже отандастарымызға жалпыкомандалық есепте бірінші орын иеленуге мүмкіндік берді. Таиланд командасы екінші орын алды (2 алтын, 3 күміс, 2 қола). Ал Өзбекстан құрамасы үздік үштікті түйіндеді (2 алтын, 1 күміс, 5 қола).

Айта кетерлігі, Даяна Джаманчолова мен Ясмин Тұякова жұбы еркін бағдарламала күміс жүлдеге ие

ТАЭКВОНДОДАН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ ӨТЕДІ

Дүниежүзілік біріншілікке әлемнің 179 елінен 991 спортшы тіркелген. Уси қаласында ел атынан 16 спортшы сынға түседі.

Ерлер құрамасында Бекзод Кадырқұлов (54 келі), Тамирлан Тілеулес (58 келі), Самирхон Абабакиров (63 келі), Дамир Шүленов (68 келі), Бекасыл Ергеш (74 келі), Батырхан Төлеуғали (80 келі), Нұрлан Мырзабаев (87 келі) және Бейбарыс Каблан (87 келіден жоғары) бар.

Ал әйелдер құрамасынан Айдана Құмартасева (46 келі), Нодира Ахмедова (49 келі), Азиза Қаражанова (53 келі), Мария Севостьянова (57 келі), Айша Әділбекқызы (62 келі), Нұрай Хусанова (67 келі), Назым Махмұтова (73 келі) және Евгения Каимова (73 келіден жоғары) сынды спортшылар енді.

БАСПАСӨЗ-2026

AIQYN

AIQYN республикалық қоғамдық-саяси газетіне 2026 жылға жазылу басталды

Жазылу түрлері	Индекс	Жазылу мерзімі	Редакциялық баға	«ҚАЗПОШТА» АҚ жазылу бағасы	
Заңды тұлғалар үшін	15102 - AIQYN	6 ай	10 500	Қала	16 910,16
		12 ай		Ауыл	13 622,64
Жеке жазылушылар үшін	65102 – AIQYN	6 ай	6 250		9 372,64
		12 ай			18 745,28

Анықтама телефондары:

«Қазпошта» анықтама бөлімі: 8 (7172) 58-02-96

Жазылу және тарату бөлімі: 8 (778) 837-07-21

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ – Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:

Алматы облысы – Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ

Ақмола облысы – Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Алматы қаласы – Сағатхан САТЫЛҒАН

Жамбыл облысы – Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Қарағанды облысы – Назгүл НАЗАРБЕК

Шымкент қаласы – Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА

Батыс Қазақстан облысы – Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ

Қызылорда облысы – Банн ЖАНҰЗАҚ

Атырау облысы –

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102

Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102

Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31

reklatama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:

8(771) 804-61-32

podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4652

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Сілеті көшесі 30,

тел.: 8(7172) 99-77-77

Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ

Мұқанов көшесі, 223 б

Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,

Әлімқұлов көшесі 22,

тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,